

# ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ  
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

№ 54 (9631) 1955 жылғы 18 март Жұма

Шығуына 35 жыл.  
жеке саны 20 тыйын

БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:

ЕҢБЕК ӨНІМДІЛІГІН АРТТЫРЫП, ӨНІМДІ САПАЛЫ ШЫ-  
ҒАРАЙЫҚ: Х. Рахматуллин.—Ет комбинатының озат цехында.  
Г. Луценко.—Артеледе еңбек өнімділігі арта түсуде. (1-бет).  
Халықтық демократия елдерінде (1-бет).  
Қазақстанның ауыл шаруашылығының қуатты резервтері  
неғұрлым толық пайдаланылсын (2-бет).  
Ж. Музапаров.—Патриот —паровозшы (2-бет).

А. Сұрағанов.—Табыт молая түсуде (2-бет).  
Н. Борисов.—Кітап бұқара арасына көп таратылсын.  
(2-бет).  
Петропавл ауданы, «Красный пахарь» колхозының астық  
және мал шаруашылығын өркендету жөніндегі 1955-1960  
жылдарға жасаған перспективалық жоспары (3-бет).  
Шөпелдерде (4-бет).

## Тұқым дайындауды кешіктіруге болмайды

Көктемгі егіс ауыл шаруашылығының барлық салаларын бірдей онан әрі өркенде бері жолындағы күрестің шешуші және аса жауапты кезеңі болып табылады. Өйткені бүгін ауылшаруашылық өндірісінің негізі—астық шаруашылығы барынша өркендеудің, басқаша айтқанда, әрбір колхоз бен совхоз бойынша егілген барлық дақылдардан мол өнім алудың берік негізіін қалау осы көктемгі дала жұмыстары кезінде жүзеге асырылатын болады. Сондықтан да көктемгі егіске жан-жақты әзірлікпен барулы қамтамасыз ету жергілікті партия, совет ұйымдарының, ауылшаруашылық ұйымдарының және мамандардың көзірші уақыттағы аса маңызды міндеттерінің бірі.

Көктемгі егіске әзірлік жұмыстарында, әсіресе тұқым әзірлеу мәселесі маңызды орын алады. Егер колхоздар мен совхоздардың егілуге тиіс дақылдардың түр-түрі бойынша жоғары сортты тұқымдары болмаса, онда, тіпті егінен мол өнім алу жөнінде сөз етудің өзі мүмкін емес. Осыған байланысты әрбір колхоз бен совхоз өздерінде егілетін дәнді, техникалық, майлы дақылдар және басқа егістер үшін тұқымды жеткілікті мөлшерде әзірлеп алуға тиіс.

Бірақ, шыншайтуымыз керек, облысымыздың бірқатар колхоздары мен совхоздарында тұқым әзірлеудің кәзіргі жағдайы өте-өте қанағаттанғысыз болып отыр. Көп колхоздар мен совхоздар өздерінде тұқымдық егіс учасіктерін кеш жыйнады. Жыйналғаннан кейін тұқымдық дән ұзақ уақыт қырманда жатып жауын-шашынға тиді. Ал, тұқым қоймаларға тасығаннан кейін де дұрыс сақталмады. Осыдан барып, қолда бар тұқымның едәуір бөлігі өзінің шығымдылық сапасын кәмітті. Сапалы тұқымды ең мол дайындау деген Куйбышев атындағы, Суворов атындағы МТС-тердің қамтуындағы колхоздарда қолда бар дәнді дақылдар тұқымның 80 проценттейі ғана себуге жарайды. Басқа МТС-тердің қамтуындағы колхоздардың үстіміздегі жылдың көктемгі егісіне әзірлеген тұқымдарының жартысы, тіпті, одан да көбі, ал Петропавл ауданындағы Асанов

ұзғайтады. Облысымыздың барлық колхоздары мен совхоздарында жүгері егісі еліміздің басқа аудандарынан тасылып әкелінген жүгері тұқымдарымен егіледі. Кәзір жүгері тұқымы облысымыздың темір жол бойындағы барлық астық пункттерінде бар. Осыған байланысты барлық аудандардың колхоздары мен совхоздары жүгері тұқымын тасуға дереу кірісулері керек еді. Бірақ, амал қанша, бұл жұмыс та әлі мықтап қолға алынба қойған жоқ. Тіпті облыстық дайындау мекемесінің жүгері тұқымын колхоздар мен совхоздарға бөлуді осынышама кешікпейдетін отырғаны қынжыларлық жағдай.

Көктемгі егіс жұмыстарының басталуына онша көп уақыт қалған жоқ. Мұның өзі егіске әзірлікті жан-жақты қызу жүргізуді, әсіресе тұқым дайындау жөніндегі олқылықтарды дереу жоюды талап етеді. Сондықтан жергілікті партия, совет ұйымдары, ауылшаруашылық органдары, әсіресе МТС-тердің агрономдары әрбір колхоздың тұқым әзірлеу жөніндегі нақтылы жағдайымен жете танысып, барлық колхоздарда тұқымдық дақылдардың түр-түрі бойынша толық әзірленуін қамтамасыз ететін шараларды ұйымдастырулары қажет. Барлық колхоздарда себуге жарамсыз тұқымдарды жақсы сортты тұқымдарға айырбастау және айырбастап алынған сортты тұқымдарды колхоз қоймаларына тасу жұмыстары ойдағыдай ұйымдастырылуы керек.

Жаңа совхоздардың тұқым тасу жөніндегі социалистік жарысын бұрынғыдан да гөрі қызу жүргізу қажет. Бұл жарыста арта қалып келе жатқан Докучаев атындағы, Тамань дивизиясы атындағы, Дзержинский атындағы, Москворецк совхоздарының басшылары істегі орын алып отырған кемшіліктерді дереу жоюмен бірге, тұқым тасу жұмысына қолда бар транспортты толық пайдалануды ұйымдастыра білулері керек.

Көптеген аудандардың колхоздары мен совхоздарында картоптың, оның дақылдарының, күнбағыстың сол сияқты, біржылдық және көпжылдық шөптің тұқымдары мүлдем жеткіліксіз. Осыған қарамастан колхоз, МТС, совхоз басшылары

## ЕҢБЕК ӨНІМДІЛІГІН АРТТЫРЫП, ӨНІМДІ САПАЛЫ ШЫҒАРАЙЫҚ!

### Ет комбинатының озат цехында

#### ӨНІМДІ МОЛ ШЫҒАРУ ҮШІН

Шұжық цехы —Микоян атындағы ет-консерв комбинатындағы ең ірі және жетекші цехтардың бірі. Ол орналасқан кең және биік үйдің ішінде еңбек дабылы күлі-түні бірдей басылмайды. Ет-май боршалайтын, пияз бен сарымсақты тұрап араластыратын, дәмдеуірін ішекке салатын, тағы басқа процестерді орындауға арналған аралдан машиналарды тиімді пайдалана отырып, цех жұмысшылары ет тағамдарын мол және жоғары сапада шығару үшін күресуде.

Москва қаласының алдыңғы қатарлы кәсіпорындарының коллективтері бесінші бесжылдықтың жоспары мерзімінен бұрын орындау жөнінде бастама көтергенде, шұжық жасаушылар өздерінің бесжылдық тапсырмасын СССР Конституциясының күні —үстіміздегі жылдың 5 декабріне дейін аяқтауға уәде берген болатын. Олар кәзір осы абройлы міндеттеніп табысты орындап шығуға ұятылуда. Бұл ынта тиісті нәтижесін беріп отыр.

Цех коллективі бригадалар және жеке жұмысшылар арасындағы социалистік жарысты кең өрістетіп, январь және февраль айларының өндірістік жоспарын 1,5 есеге жуық артық орындады. Тек февральда ғана жоспарынан тыс 769 мың сомның өнімін берді. Бұл айда шұжық 43 тонна артық өндірілді.

Өрістей түскен социалистік жарыста жоғары өнімді және мінсіз сапалы еңбек етушілер қатары үздіксіз өсіп келеді. Кәзір цехтағы 11 бригаданың бесеуі «мінсіз сапалы өнім шығаратын бригада» деген атақ алды.

#### ҮЗДІК БРИГАДА

Өндірісте белсене жұмыс істеп жүрген адамдар жайында өңіме бола қалса, цех бастығы Азарий Николаевич Крымов ең алдымен Надежда Винникова басқаратын бригаданың мүшелерін аузына алады. —Шіркін соларды айта беріңіз, еңбек

бін бітіргеннен кейін келген еді. Содан бергі мерзім ішінде Винникова жолдас өзінің мамандығын жете үйреніп, мол тәжірибе жыйнады. Бригадада бұдан басқа да тәжірибелі адамдар бар: Матрена Ивановна Панькова, Мингаия Мусина сияқтылар өмірлерінің бірсыпырасын қалық игілігіне арнаған адамдар.

Олар өз нормаларын асыра орындап қолдары жеткен табыстармен тынбайды, басқалардың да істі жетік үйреніп, өнімді жұмыс істеуіне көмектесіп отырады. Мысалы, жас жұмысшы Ираида Бандюкова ФЗО мектебін бітірісімен алғашқы келген кезде боршаланып дәмделген даяр етті шприц машинасының көмегімен ішекке тығыздап салуда икемсіз болды. Ол жасаған шұжықтардың бірқатары сапасыз болып жүрді. Өйткені ол әлі бұл жұмысқа жатықпаған еді. Бірақ бригаданың тәжірибелі жұмысшылары оған бірлесе көмектесті. Соның нәтижесінде көп ұзамай-ақ Ираида да жұмысты жақсы атқара бастады.

Міне, осындай ұйымшылдық өзінің игі нәтижесін беріп келеді. Надежда Винникованың бригадасы өндірістік жоспарды үнемі асыра орындауда. Февраль айындағы жоспардың орындалу көрсеткіші 178 процент, ал сапасы 99,7 балл болды.

Бұл бригаданың цехтың басқа адамдары да үлгі алуға. Әліш Әбдіхалықовтың ет сұрыптаушылар бригадасы, Алексей Семенов басқарған ет боршалаушылар бригадасы да тапсырмаларын айдан айға артығымен орындап, өнім сапасын үзбей жақсартуда.

#### ЖАС МАМАНДАР

Мектептің 5-классында оқып жүрген кезінде ет комбинатына экскурсияға баратын күнді Раиса асыға күтетін-ді. Ал кезекті экскурсияға барып келісімен-ақ ол мұғалімінен: —Тағы да қашан барамыз? —деп келсе экскурсия күнін алдын-ала біліп

дік бітіріп шықты. Кәзір ет сұрыптаушы болып жұмыс істеп жүр. Ынталы жас қыз өзі қалап алған сүйікті ісін асқан жігермен меңгеруде. Еңбексүйгіштігімен және ақжарқын қарапайымдылығымен Раиса қысқа мерзімде жолдасарының арасында құрметке, сенімге ие болады. Ол ет сұрыптау бөлімі комсомол ұйымының секретарлығына сайланды.

Долғиқ сияқты өндіріске тунғыш келгендер цехта көп. Таисья Плотникова, Любовь Тычина тағы басқалары да шұжық жасауда алғашқы жыл істейді. Олар өз мамандықтарын көңіл қоя үйреніп, кәзірдің өзінде-ақ норманы 115—130 процентке дейін орындауға жетісіп жүр.

#### ЗОР ӘСЕР

Цехтың «Ударник» атты қабырға газетінің жаңа номері шығыпты, онда Мария Денисовна Лешенконың жұмыс сапасы нашарлығы сындалыпты деген хабарды оның еңбектес жолдасары тез естіді. Содан соң өздері де оқып, анығына қанды. «Ет сылушы Лешенко жолдас етті сұрыптағанда жиі-жиі ақау жібереді. Одан қабылданған ет таза болмайды, не сіңірі, не сүйегі түгел айырылмайды, соның салдарынан жұмысты екінші рет қайта жүргізуге тура келеді» деп жазылғандығы газетте.

Мария Денисовнаның өзі көпжылдық тәжірибесі бар маман жұмысшы бола тұра, ісіне ұқыпсыз қарайтындығы цех адамдарын қатты ренжітті. Лешенконың бұл кемшілігі қолма-қол талқыға салынды. Ол қателігін мойындап, келешекте мұндай кемшілікті болдырмауға серт берді.

Шұжық цехы партия, кәсіподақ және комсомол ұйымдарының органы «Ударник» газетінде бұл сияқты өткір сын мақалалар жиі басылып тұрады. Олар істегі олқылықтарды дереу жоюға ықпал тигізеді. Қабырға газетінің редколлегиясы (редакторы мастер Валентина Бурднова) сонымен қатар жұмысшылардың

### Халықтық демократия елдерінде

#### ССРО мен КХДР-дің экономикалық және мәдени ынтымағы

ПХЕНЬЯН, 15 март. (СОТА). 17 мартта корей халқы ССРО мен КХДР арасында экономикалық және мәдени ынтымақ туралы келісімге қол қойылудың алты жылдығын атап өтеді. КХДР баспасөзі Корея Халық Демократиялық Республикасына өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы және мәдениет салаларында Совет Одағының көрсетіп отырған туысқандық көмегі туралы көптеген хабарлар басуда.

Пхеньян мен басқа да қалалардың құрылыстарында советтік әртүрлі құрылымдық механизмдері мен машиналары: мушаралық жүк көтергіштер, бульдозерлер, экскаваторлар, жол жандегіштер, бетонсорғыштар кеңінен пайдаланылады. Совет халқы республикасының темір жол транспортына да зор көмек көрсетуде. Советтік жабдықтарды қолданудың нәтижесінде корей кәсіпкерлері еңбек өнімділігін едәуір арттырды. Солтүстік Кореяның рудниктері мен шахталарында советтік перфораторлар, лебідкелер, ленталы транспортерлер және электр двигателдері қолданылады.

Кореяның ауыл шаруашылығына да Совет Одағының көмегі өсе түсуде. Корея Орталық телеграф агенттігінің хабарлауына қарағанда, төз үстіміздегі жылдың өзінде ғана Совет Одағы Кореяға 240-тан астам трактор және оларға қажетті запас бөлшектер берген. Республиканың шаруалары Совет Одағынан әкелінген химиялық өндегіштерді кеңінен қолдануда.

#### Польшада машина жасау өркендетілуде

ВАРШАВА, 15 март. (СОТА). Халықтық өкімет жылдарында Польшада машина жасау кең көлемде өркендетіліп отыр. Өнеркәсіптің осы аса маңызды саласының өнімдері өткен он жылдың ішінде соғыстан бұрынғы жылдардағы мен салыстырғанда тоғыз еседен артығырақ, ал өнеркәсіптің барлық өндіретін төрт еседен гөрі артығырақ арттырылды.

Елде отандық кемелер жасалады, автомобильдер, тракторлар, ауылшаруашы-

72 процент себуге жарамайды.

Қолда бар тұқымдық дәннің себуге жарамсыздығына байланысты оларды жоғары сортты тұқымға айырбастау жұмысын ойдайдай ұйымдастыру керек еді. Алайда колхоз, МТС және аудан басшылары бұл іске де жеткілікті назар аудармады. Қызылжар ауданының колхоздары, әсіресе осы аудандағы Чистан МТС-нің қамтуындағы колхоздар қолда бар себуге жарамсыз тұқымдарды сортты тұқымдарға айырбастау ісіне әлі күнге дейін кіріспей отыр. МТС, аудан басшылары тұқым айырбастауды барлық колхоздарда бірдей үлгілі ұйымдастыру, бұл жұмысты күні-түні бірдей жүргізу жөнінде колхоз басшыларына қатаң талап қоймай келеді.

Себуге жарамсыз тұқымдарды жақсы сортты тұқымдарға айырбастау жұмысы Степной, Қызылжар совхоздарында да мұқият емес. Бұларда дәнді дақылдар тұқымның үштен бір бөлігіндей жетпейді. Осыған қарамастан совхоз директорлары Григорьев, Далматов, бас агрономдары Рыбаков, Быканов жолдастар жетпейтін тұқымды қарастырып тауып алу жөнінде ешбір шаралар белгілемей келеді.

СОБП Орталық Комитетінің январь Пленумы неғұрлым өнімді дәнді дақыл болып табылатын жүгері егісін өнімдінің барлық аудандарында кең көлемде егуді талап етті. Осыған байланысты алдағы көлемде облыс колхоздары мен совхоздары бұл дақылдың егіс көлемін өлеуір

мүлдем ескерусіз қалдырып отыр. Көптеген колхоздардың колхозшыларында басы артық қартоп тұқымдары бар. Бірақ, амал не, колхоз басшылары сол тұқымдарды колхозға сатып алуды ұйымдастырмайды. Сондай-ақ кәзір облысымыздағы барлық сауда орындарында өнімді дақылдарының тұқымдары сатыла бастаса да колхоздар бұл дақылдардың тұқымын қажетінше сатып алумен шұғылданбай келеді.

Тұқымды тазарту және тасумен бірге, оны себуге әзірлеу жұмыстары қызу жүргізілуге тиіс. Бұл жөнінде агрономдар істі ұйымдастырушы бола білулері керек. Өткен жылдары кейбір колхоздарда тұқым себудің нормасын азайту, себу жұмысын кешеуілдету және бұл жөніндегі озат әдістерді қолданбау сияқты аяғында фактілер орын алды. Мұның ақыры егісіннің шығымдылығын өлеуір кемітуге әкеліп соқты. Үстіміздегі жылы мұндай кемшіліктерді қайталамау үшін агрономдар колхозшыларға тұқым себу жөніндегі ғылым мен практиканың табыстарын кеңінен үйретулері керек.

Партия мен үкмет тарауды бес-алты жыл ішінде астықтың жалпы түсімін жылына кемінде 10 миллиард пұтка жеткізу міндетін қойып отыр. Көктемгі егіске әзірлікті, оның ішінде тұқым әзірлеуді әрбір колхоз бен совхоз бойынша ойдайдай жүргізіп, егіс жұмыстарын сақдай сай әзірлікпен қары алу — бұл абройлы міндетті орындауға зор үлес қосуды қамтамасыз етеді.

### ҚОЛДАН ЖАСАЛҒАН ШАБЫНДЫҚТАР

Бетпақ дала мен оған шектес жатқан Сарыарқа даласы — Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы аса көлемді жайылымды жерлердің бірі. Мұнда 22 миллион гектардай территорияда Жамбыл, Қарағанды, Оңтүстік Қазақстан облыстарының колхоздары мен совхоздарының жүздеген мың қойы, ірі қара-малы жайылады.

В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауылшаруашылық ғылым академиясының Қазақ филиалының жемшөп және жайылымдар институты мен мал шаруашылығының Бетпақ дала комплексі-тәжірибе станциясы Бетпақ даладағы жайылымдар комплексіне арналған жемшөптің сақтық қорларын жасауға байланысты мәселелерді шешу жөніндегі өкілшілік ғылыми-өндірістік тәжірибелердің қорытындысын шығарды. Шолақеспе участогінде өсетін әртүрлі малазықтық дақылдарды салыстыра отырып зерттеу мынанан анықтауға мүмкіндік берді: Шу өзенінің төменгі ағымы бойында суданға шөбі чумиза, сорго суданға буданы және қызғылт сары түсті қонақ мейлінше перспективті өсімдіктер болып табылады. Жаппай қатарлап егіп, топырақты екі рет қоны-

тын, арашөптері оталған суданға шөбі екі рет шапқанда гектарынан 99,6 центнер пішен алынды. Бұған қоса суданға шөбі өскен жер мал жаюға жарайтын өріс болды.

Сол участка чумизадан мол өнім — гектарынан 77,5 центнер пішен алынды. Сорго суданға буданы екі рет шабылғанда жақсы өнім гектарына 60-85 центнерден пішен берді. Чумиза пішені сүрлеуге де ойдайдай пайдаланыла алады және чумизадан басқа малазығындық дақылдардың егістіктерінде ықтырма жасауға болады.

Қызғылт сары түсті қонақ шабындықтар мен жайылымдарды жақсартуға жарайтын бағалы малазықтық дақыл өскендігін көрсетті. Екі ізбен ленталап өскенде екі рет шабылған кезде ол гектарына 105 центнер көкшөп өнімін берді.

Ғалымдардың есебі бойынша, қолдан шабындықтар жасаса Бетпақ даланың жайылымдар комплексінде жүздеген мың емес, миллиондаған мал бағуға болады.

Институт пен тәжірибе станциясының ұсыныстары өндіріске тапсырылуда.

(ҚазТАГ)

үнемі алда келеді, — дейді ол мақтанш сезім білдіріп.

Айтса- айтарлықтай. Винникова жолдастың бригадасы соңғы біржарым жыл бойына үзбестен «мінсіз сапалы өнім беретін бригада» атағын алып келеді. Бұл бригада жалғыз шұжық цехында ғана емес, бүкіл комбинат бойынша алдыңғы қатарға шығып отыр.

Бригада мүшелері мұндай табысқа өзара ынтымақтаса еңбек етудің арқасында жетті. Бригадир Надежда Винникованың шұжық жасаушы болып істей бастағанына 15 жылдан асып барады. Ол цехқа комбинаттағы фабрикалық завод мекте-

### Аспаптар цехында

Шағын двигательдер зауытының аспаптар цехының коллективі бесінші бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау жолындағы социалистік жарысқа ұшасып, айдап-айға айтарлық табыстарға ие болуда. Мұнда февраль айының және марттың бірінші жартысының өндірістік тапсырмасы 105 процент орындалды.

Цехтың алдыңғы қатарлы жұмысшыларының өндірістік көрсеткіштері де ойдайдай, фрезеровщик Ковалев, слесарь-механик Аниминович, шлифовщик Ляцев және басқалары өздерінің нормаларын үнемі біржарым-екі есе асыра орындайды.

Олардан онжылдық мектеп бітірін өндіріске өткен күзде келген жастар өнегелі алуға. Николай Иванченко былтыр онжылдық мектепті бітірген соң осы цехқа жұмысқа орналасқан болатын. Кәзір ол слесарь-механик болып істеп, күнделікті тапсырманы 120—130 процент орындап жүр.

Х. РАХМЕТОВ.

алатын. Өйткені әрбір экскурсия сезімтал, көргенін тез қабылдап жас қыздың көңілінде үлкен әсер қалдырағын еді. Комбинаттары аралау машиналар мен механизмдер, олардың тетігін өбден біліп, өз еркіне көндіріп, жұмыс істетіп жатқан жұмысшылар, цехтардағы еш басылмайтын толқынды өндіріс әуені Раисаға таңғажайып болып көрінетін де оны «ет тарағдарын жасаушы боламын» деген әлі бұддыр арманын барған сайын күшейтіп, айқындай түсетін.

Ақыры, Раиса Долгих 7-классты бітіріп ет-консерв комбинатының ФЗО мектебіне оқуға түсті де оны өткен жазда үз-

өндірістегі жағдайын жақсартуға, цехтың іші гигиеналық таза болуына тағы басқа мәселелерге назар аударып отырады. Мысалы газеттің соңғы номерлерінің бірінде түскі үзіліс кезінде жұмысшылар отырып дем алатын орындықтардың қол сұртетін орамалдардың жетіспейтіндігі сөз болған еді. Кәзір бұл мәселелер жай-ғастырылды.

Сол сияқты, газет бетінде цехтың озат адамдарына сөз беріліп, олардың жоғары көрсеткіштерге жетудегі тәжірибесі басқалардың игілігіне айналдырылып отырылады.

Х. РАХМАТУЛЛИН.

### Арпелъде еңбек өнімділігі арпа түсуде

1954 жылдың ноябрь айында Москва қаласының алдыңғы қатарлы кәсіпорындарының коллективтері СССР-ны өркендетіп, экономикасын нырайтуға келелі үлес қосатын бесінші бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау жолындағы социалистік жарысты кең өрісету жөніндегі патриоттық бастаманың жаршысы болды. Бұл игілікті бастаманы қаладағы С. М. Киров атындағы кәсіпшілік артельнің коллективі зор өндірістік өрлеу үстінде қары алып, өздеріне көтеріңкі міндеттемелер алған болатын.

Артельдің шығаратын негізгі өнімдері сабан, крем, алиф, балалар ойыншықтары. Осы заттарды көп және сапалы өндіріп, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің және жергілікті Советтердің сайлау күнін өндірістік зор табыстармен атап етті. Артель коллективі өнімді сапалы шығарумен бірге, оның өзіндік құнын кеміте отырып, январь және февраль айындағы мемлекеттік тапсырманы 130 процент орындады.

Еңбек өнімділігін арттыру және өнім сапасын жақсартып, өзіндік құнды көптеп кеміту жолындағы социалистік жарыста Воробьев жолдас басқаратын химиялық цехтың коллективі үздік еңбек етіп келеді.

Коллектив мүшелері жалпы өнім шығарудың жоспарын үнемі орындап отырып артельмізде әлі де болса елеулі кемшіліктерге жол беріп келеді. Атап айтқанда, кәсіпшілік артельнің алдына қойылған өнімнің түр-түрлерін шығару жөніндегі жоспар орындалмай қалуда. Мұның басты себебі материалдар мен шикізаттардың жеткіліксіздігі болып отыр.

Бұл күндері артельдің барлық жұмысшылары мен қызметкерлері бесінші бесжылдық жоспарды 5 декабрь күніне дейін толығымен орындап шығуды міндеттеп, қызу қарқынмен еңбек етіп, өнімді сапалы және көп шығара бастады.

Г. ЛУЦЕНКО.

С. М. Киров атындағы кәсіпшілік артельнің жоспарлаушысы.



СУРЕТТЕ: Москваның Моховая көшесіндегі М. В. Ломоносов атындағы Мемлекеттік университетінің үйі. (СОТА-ның фотохроникасы).

лық машиналарын, ауыр станоктарды, подшипниктерді, котельдерді, турбиналарды тағы басқаларын өндіру жолға қойылды. Елдің әртүрлі бөліктерінде кәзіргі заманғы техникамен жабдықталған жаңа машина жасау кәсіпорындары салынды.

Варшавада, Люблинде және Стараховицада автомобиль жасайтын заводтар салынды. Елде алғашқы трактор заводы жұмыс істеуде. Соңғы уақыттарда подшипник жасайтын екі ірі завод — Люблин және Сталиноград заводтары қатарға қосылды.

Соңғы бес жылдың ішінде елдің заводтарында 300 жаңа типті машинаны, соның ішінде, шыңжыр табанды тракторларды, көмір комбайндарын, ең жаңа бұрғылау машиналарын, турбиналарды, жоғары өнімді котельдерді өндіру ісі жолға қойылды.

### Тұрғын үйлер құрылысы

СОФИЯ, 15 март. (СОТА). 1949 жылдан бері Софияның тұрғындары 9 мыңнан астам жақсы жабдықталған жаңа пәтерлер алды. Осы мерзім ішінде 13 дәрігерлік мекемелердің үйлері — ауруханалар, әйелдер босанатын үйлер, поликлиникалар, 65 мектеп салынды.

Соңғы жылдар ішінде София көптеген монументальді үйлермен әсемделді: Боларов атындағы көпшілік кітапханасы, Благоев атындағы полиграфиялық комбинат, Василь Левский атындағы стадион салынды. Қаланың орталығын қайта жасау жөнінде 1952 жылы басталған жұмыс табыспен жүзеге асырылуда. Партия үйінің және Ауыр өнеркәсіп пен электрлендіру министрінің үйінің құрылысын салу жұмысы аяқталды.

Софияның шет аймақтары да өзгертусуде: Красная поляна жұмысшы кварталдарында көптеген тұрғын үйлер, Коцевиц лагері және басқалары салынды.

### ҚХР-дегі кредит кооперативтері

ПЕКИН, 15 март. (СОТА). Қытай Халық Республикасындағы кредит кооперативтеріне шаруалардың қалың көпшілігі қамтылған. Егер 1953 жылдың аяқ шенінде, деп жазады «Дагунбао» газеті. Қытайда 9400 кредит кооперативтері болса, кәзір 130 мыңға жуық кредит кооперативтері бар. Олар 70 миллионнан астам адамдарды біріктіреді.

Кредит кооперативтері ауылшаруашылық өндірісін өркендетуге жағдай жасайды. Толық емес мәліметтерге қарағанда, өткен жылдың аяғында Қытайдың кредит кооперативтері шаруаларға жалпы сомасы 314 миллион юань қарыз берген.

Кооперативтер шаруалардың артық ақша қаражаттарын мемлекеттік банктерге салуына көмектеседі.

# Қазақстанның ауыл шаруашылығының қуатты резервтері неғұрлым толық пайдаланылсын

АЛМАТЫ, 14 март. («Правданың» тілшісі). Мұнда республикалық партия активінің жыйналысы болды. Жыйналыс Қазақстан КП Орталық Комитетінің секретары П. К. Пономаренко жолдастың СОКП Орталық Комитетінің январь Пленумының қорытындылары және Қазақстан партия ұйымының міндеттері туралы баяндамасын талқылады.

—СОКП Орталық Комитетінің январь Пленумының қарарларының,—деді баяндамашы,—тарихи маңызы бар. Бұл қарарлар Коммунистік партия үшін халық игілігі туралы, Советтік мемлекетті нығайту туралы қамқорлық жасаудан басқа жоғары ештеңе жоқ екендігінің жаңа айғағы болып табылады. Қазақстан еңбекшілері, бүкіл еліміздегідей, бұл қарарларды зор қанағаттанғандықпен қарсы алды.

Социалистік экономиканы өркендету үшін ауыр индустрияның жетекші ролін атай келіп, баяндамашы онан әрі өткен жылы республикада ауыл шаруашылығын шұғыл өркендетудің партия мен үкімет белгілеп берген программасын жүзеге асыру жөнінде жүргізілген зор жұмыстар туралы айтты.

Мемлекет тарапынан Қазақстанға көрсетілген зор көмекке сүйене отырып, республиканың ауыл шаруашылығының еңбекшілері 1954 жылы 8,5 миллион гектар тың және тыңайған жерлерді көтерді, бұл — жоспарда белгіленгеннен 2.200 мың гектар артық. Егіс көлемін ұлғайтудың нәтижесінде республикада астық өндірісі 35 процент артты. Мемлекетке 242 миллион пұт астық тапсырылды, бұл өткен уақытта жыл сайын тапсырылып жүрген астықтан анағұрлым артық. Сондай-ақ мал шаруашылығы өнімдерін дайындау артты. Зяб пен пар көтеру жоспарын артығымен орындап, республиканың колхоздары, совхоздары мен МТС-тері үстiмiздегi жылдың егісі үшін берік негіз қалады.

СОКП Орталық Комитетінің январь Пленумы еліміздің ауыл шаруашылығын онан әрі өркендетудің зор программасын белгіледі. Бұл программаны орындауда Қазақстан үлкен роль атқарады. Үстiмiздегi жылдың өзінде республиканың колхоздары, МТС-тері мен совхоздары тың және тыңайған жерлерді игеру есебінен ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс көлемін 1953 жылғы 9,7 миллион гектарға қарағанда 19 миллион гектарға дейін ұлғайтады. 1956 жылы егіс көлемі 27 миллион гектарға дейін, соның ішінде дәнді дақылдар 23 миллион гектарға дейін ұлғаяды. Мұның өзі республикада астықтың жалпы түсімін жыл сайын 1 миллиард 300 миллион пұтқа дейін арттыруға мүмкіндік береді.

Осының негізінде партия ұйымы 1960 жылы 1954 жылға қарағанда негізгі мал

## ПАРТИЯ АКТИВІНІҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖЫЙНАЛЫСЫ



арттырудың маңызды резерві — жаңа және ескі жерлерде егіннің шығымдылығын арттыру, сондай-ақ егін жыйнау кезінде астық ырабын кеміту туралы айтылды. Республиканың астық шаруашылығының кәзіргі көлемінде егіннің шығымдылығын бір центнер арттыру және егін жыйнау кезінде астықтың ырабын бір центнер кеміту қосымша 200 миллион пұттан астам астық алуға мүмкіндік береді.

Қазақстанда астықтың жалпы түсімін арттырудың және мал шаруашылығы өнімділігін арттырудың маңызды қайнар бұлағы жүтері егісін әрдайым ұлғайту болып табылады. Жыйналыста атап көрсетілгендей, мұнда бірден-бір мол өнім беретін бұл дақыл соңғы уақытқа дейін бағаланбай келді, оның егіс көлемі тіпті аз болды. Кәзір республикада бұл бағалы дақылдың егіс көлемін анағұрлым ұлғайту белгіленді. Үстiмiздегi жылы көлемі 600 мың гектар жүтері егіледі, ал 1960 жылға дейін бұл егістің көлемі 2,5 миллион гектарға дейін ұлғайтылады.

Ақтөбе облыстық партия комитетінің секретары Ташенов жолдас және жыйналысқа қатысушы басқа адамдар тараптан рекордтық мол өнім алған қазақстандық тары өсірушілердің бұрынғы даңқын қайта көтеру жөнінде Қазақстан КП Орталық Комитетінің ұсынысын қызу қуаттады. Тек бір ғана Павлодар облысында үстiмiздегi жылы тары егісін 500 мың гектарға дейін ұлғайту белгіленіп отыр. Қызылорда облыстық партия комитетінің секретары Сужиков жолдас Сырдария жайылымында күріш өндіруді арттырудың кең перспективалары туралы айтты.

Республикалық активке қатысушылар мал шаруашылығын онан әрі өркендету мәселелеріне көп назар аударды. Байтақ жайылымдықтар мен шабындықтар Қазақстанның еліміздің ірі мал шаруашылығы базасы болуына мүмкіндік береді. Өткен жылдың өзінде-ақ малдың негізгі түрлері бойынша мал басы біраз өскенмен, республиканың ауыл шаруашылығының жетекші саласы — мал шаруашылығы әлі де болса артқа қалып келеді.

Мал азығының берік базасының, жақсы мал қоралары мен мал суаратын ырындардың жеткілікті болмауы қоғамдық мал шаруашылығын түрлі кездейсоқ апаттарға — жұтқа, қарлы боранға ұшырату қаупін туғызады. Осының салдарынан республикада жыл сайын көп мал, әсіресе қой қырылып келеді. Мал шаруашылығының өнімділігі төмен: бірқатар колхоздар мен совхоздарда бір қойдан қырқылған жүн бір килограмнан да аспайды, ал кейбір облыстарда әрбір сү-

де сөз сөйлеушілер партияның облыстық комитеттері мен аудандық комитеттерінің секретарлары Рогинец, Журин, Храмов, Денисов және басқа жолдастар мал азығындық астықтың, егін шаруашылығы қалдықтарының көп болуы республиканың солтүстік аудандарында ірі ет-сүт мал шаруашылығын, құс шаруашылығын өркендетуге, шошқа бордақылауды жолға қоюға мүмкіндік беретінін атап көрсетті. Маусымдық жайылымдық кең далаларды игеру Қазақстанның орталық және оңтүстік аудандарында қой шаруашылығын онан әрі өркендетудің басты резерві болып табылады. Республикада миллиондаған гектар аса бай маусымдық жайылымдар су болмағандықтан осы күнге дейін пайдаланылмай келеді. Бұған, жыйналыста Жамбыл облыстық партия комитетінің секретары Артығалиев жолдас мәлімдегендей, республиканың Су шаруашылығы министрлігі, Қазақстанның Министрлер Советі де үлкен кінәлі.

Мал шаруашылығын онан әрі өркендету міндеттерін практикада жүзеге асыру туралы айта келіп, активке қатысушылар мал қоралары құрылысының, фермаларды механикаландырудың, жайылымдықтар мен шабындықтарды жайың суаруды өркендетудің, мал шаруашылығы қызметкерлерінің тұрмыстық жағдайын және мәдени қамтуды жақсартуды мәселелерін барынша өткір қойды. Құрылыс ісіне қамыс баулар мен плиталарды пайдалану республиканың колхоздары мен совхоздарына бір-екі жылда фермаларды жақсы қоралармен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Актив жыйналысында мал шаруашылығының маман кадрлары туралы мәселе өткір қойылды. Бұл істің зор маңызына қарамастан, осы күнге дейін мұндай кадрларды даярлаумен шын мәнінде ешкім шұғылданбай отыр. Фермаларда шопандар, малшылар, сауыншылар, бұзау өсірушілер, басқа да қызметкерлер жетіспейді.

Республиканың ауыл шаруашылығын өркендету жөніндегі зор міндеттер партия, совет және ауылшаруашылық органдарының жұмыс әдістерін батыл жақсартуды қажет етеді. Жыйналыста бірқатар партия және совет органдарының колхоздар мен совхоздарға істің жайын білмей, үстірт басшылық ететіні жөнінде көптеген мысалдар келтірілді. Атап айтқанда, республиканың Ауыл шаруашылығы министрі Мельник жолдас, Су шаруашылығы министрі Дәуленов жолдас және, әсіресе совхоздар министрі Власенко жолдас өткір сыналды.

Қазақстан КП Орталық Комитетінің секретары Брежнев жолдас жыйналыста сөз сөйлеп партия және совет кадрларына талапты күшейтудің қажеттігі туралы айтты. Ол жаңа совхоздардың практикалық міндеттеріне және көктемгі егісті өткізуге

## Кітап бұқара арасына көп таратылсын

Жақында кітап саудасы қызметкерлерінің облыстық кеңесі болып өтті. Онда 1954 жылы кітап саудасының жайы және 1955 жылғы міндеттер жөнінде облыстық «Книжторг» мекемесінің бастығы Королева жолдас баяндама жасады.

Облысымызда кітап саудасының жайы қанағаттанғысыз. Қалада, әсіресе, аудандарда ауыл шаруашылығы әдебиеттері, көркем әдебиеттер және саяси кітаптар мен оқулықтар жетіспейді. Мұндай әдебиеттердің қандайын болса да облыстық «Книжторгтің» қоймаларынан табуға болады. Ал, «Книжторг» мекемесі ауыл шаруашылығы еңбекшілеріне мұндай қажетті әдебиеттердің деркесінде жеткізілуін ұйымдастырмай отыр. Міне баяндамада осындай кемшіліктер сөз болып, оны жоюдың жолдары айтылу керек еді. Бірақ баяндамашы Королева жолдас мұндай кемшіліктерге тоқталмай, тек істің жақсы жағын көрсетумен болды.

Аудандардағы бес кітап магазинінің екеуі ғана өткен жылдың кітап сату жоспарын орындады. Приешім, Соколов және Совет аудандарындағы кітап магазиндері кітап сату жұмысын айтарлықтай ұйымдастыра алмады. Ауыл-село еңбекшілері қажет етіп отырған әдебиеттерді кезінде жеткізбеді.

Жарысөзге шығып сөйлеген Соколов, Мамлют аудандарындағы кітап магазиндерінің меңгерушілері Воротинцева, Пларионова жолдастар және басқалары ауыл-селодағы кітап сатудың жайына тоқталды. Колхоз, совхоздарда ауыл шаруашылығы әдебиеттері, озаттардың тәжірибесін насихаттайтын кітапшалар, балалар әдебиеттері жетіспейді.

Кітап сататын арнаулы магазиндер жоқ. Кітаптар қолайсыз қоймаларда сақталады. Осы себептен ол бүлінің, кітап оқушылардың оқуына жарамай қалады. Бұл жөнінде талай рет сөз болса да, облыстық «Казкнижторг» мекемесі, оның бастығы Королева жолдас ешқандай қорытынды шығармай келеді.

Бұл кемшіліктерге облыстық мәдениет басқармасы да кінәлі. Ол «Казкнижторг» мекемесіне көмек көрсетіп, оның жұмысын бақылауға алмады. Кеңесте сөйлеген облыстық мәдениет басқармасы бастығының орынбасары Овчинников жолдас бұл кемшіліктерді мойындамай, орынсыз мақтанумен болды.

Халықтың материалдық әл-ауқаты жақсарған сайын олардың рухани тілегі де өлшеусіз өсіп келеді. Сондықтан облыс еңбекшілерінің түрлі әдебиеттерге деген өскелең тілегін тыңғылықты қанағаттандыру, «Казкнижторг» мекемесі мен жергілікті кітап магазиндері қызметкерлерінің маңызды міндеті.

Н. БОРИСОВ.

## Мәдениет үйінде



Тамань атындағы дивизияның әскер қатарынан қайтқан бір топ жауынгерлерінің сұрауы бойынша Солтүстік Қазақстан облысында Тамань дивизиясы атындағы жаңа совхоз ұйымдастырылды. СҮРЕТТЕ: Әскер қатарынан қайтқан жауынгерлер — кәзір Тамань дивизиясы атындағы астық совхозының шоферлары (солдан оңға қарай) Құзайыр Тасмағанбетов, Александр Дынов, Николай Маркин және Николай Григорьев. Суретті түсірген А. Розенштейн.

## Табыс молая түсуде

«Шит» ауылшаруашылық артелі Октябрь ауданындағы ірі артельдердің бірі. Өткен жылы артельде шаруашылықтың барлық саласы да өсіп, елеулі табыстарға жетті.

Колхозда, әсіресе, мал шаруашылығын өркендету, одан алынатын өнім мөлшерін арттыру ісі қолға ерекше алынған. Өткен жылы артельде әрбір сыйырдан орта есеппен 1820 литр сүт сауылды. Ал алдыңғы қатарлы сауыншы Е. Начевная жолдасының көрсеткіші 2174 литрге жетті. Сондай-ақ сауыншы Н. Омельченко, В. Чмут 2100 литрден сүт алды.

Колхоз басқармасының іске жете назар бөлуінің нәтижесінде мұнда мал шаруашылығының барлық саласы бірдей дамып келеді. Шопан А. Викторенко жолдас қарамарындағы 1200 қойды шығынсыз өсіріп келеді. Ол қойдың жылдан-жылға өнімді мол беруі жолында жан аямай еңбектенуде. Өткен жылы колхоз бойынша әрбір қойдан орта есеппен 2,5 килограмм жүн қырғылуы да осындай еңбектің нәтижесі. Колхоз басқармасы төлді аман сақтағаны және жүнді көп алғаны, сөйтіп, қой шаруашылығын өркендетуге қажырлы еңбектенгені үшін екі шопанға қосымша ақыға 11 қой берді.

Мал шаруашылығы өнімдерінің артуы нәтижесінде колхоздың барлық табысының төрттен-үші мал шаруашылығынан түсті. Сөйтіп, колхоздың жалпы ақшалай табысы ұлғайды, осыған байланысты колхозшылардың еңбегіне бөлінетін ақша мөлшері көбейді. Басқаша айтқанда, еңбек күннің құны артты.

Алдыңғы қатарлы, колхозшы Е. На-

дарымен салыстырғанда бұл көрсеткіш жақсы.

Артельдің өткен жылы әрбір сауылы сыйырдан 1820 литрден сүт алуға жетісуінің өзіндік сыры бар. Алдымен фермалардағы мал өсірушілер құрамы кездейсоқ адамдардан айықтырылып, бұл аса жауапты үстотке көп жылдан бері осы шаруашылықпен айналысып кел жатқан тәжірибелі колхозшылар жіберілген. Атап айтқанда, сауыншылар болып бекіген В. Чмут, Т. Шербинина жолдастар осы жұмыста 6—7 жыл істегендер. Дәл осындай мал шаруашылығының басқа саласына да көпжылдық тәжірибелері барлар жіберілген. Кәзір мал шаруашылығында жүргендердің көпшілігі осы жұмыста 6 жылдан 12 жылға дейін істеген малшылар.

Фермалардағы сауын сыйырлар күтімі ерекше қадағалануда. Өткен жылдың өзінде колхозда бұл жөнінде бірқатар өзгешеліктер жасалды. Атап айтқанда, жаз сыйырларды жайылым басында сауу ісі ұйымдастырылды. Осының нәтижесінде сыйырлар күніне бірнеше рет 3—4 килограмм жерге босқа айдалмайтын болды. Сыйырлар сауу аяқталысымен іле жайылымға шығарылды. Жұмысты бұлайша ұйымдастыру арқылы колхоз 220 сыйырдан күн сайын әдеттегіден 60 литр сүтті артық алуға жетісті.

Колхоз мал өсірушілері малдың жазғы жайылымын жақсы ұйымдастырумен бірге малдың жемазық қорына да ерекше көңіл бөлген. Жемшөн қысқа жеткілікті әзірленген. Олармен қатар сауын сыйырларға күнжара, кебек және сүрлен-

шаруашылығы өнімдерін өндіруді: ет пен тоқмай — 2 есе, сүтті — 2,7 есе, жүнді — 2,9 есе, жұмыртқаны — 4,4 есе артық өндіруді өзінің міндеті етіп қойып отыр.

Қазақстанның астық шаруашылығын өркендетудегі басты резерві — тың жерлер. Үетіміздегі жылдың көктемі мен жазында тағы да жемінде 9 миллион гектар тың және тыңайған жерлерді көтеру ұйғарылды. Жаңа жерлерде қосымша 250 астық совхоздары ұйымдастырылды. Көзір мұнда эшелон-эшелон техника, еліміздің барлық жерлерінен жаңа қоныстанушылар келуде.

Жыйналыста астықтың жаппы түсімін

Иырдан сауылған сүт 400-600 литр ғана. Осы уақытқа дейін колхоздардың және тіпті совхоздардың да бұзауды өмізін өсіру әдісі сақталып келеді.

Жыйналыста өткен жылы көп малдың шығын болуына және аналық малдардың қысыр қалуына жол берілген Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда және Ақмола облыстарының партия, совет және ауыл шаруашылық органдарының басшылары өткір сынға алынды.

Қазақстанның астық шаруашылығын, сондай-ақ мал шаруашылығын да батыл өрге бастыру үшін барлық мүмкіншіліктері бар. Тың және тыңайған жерлерді игеруде зор резервтер жатыр. Жарыссөз

Актив жыйналысы Оңтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарында көктемгі егіске әзірліктің қарқыны байу екенін атап көрсетті.

Партия активінің республикалық жыйналысы СОБП Орталық Комитеті январь Пленумының қарарларын бірауыздан қуаттап, Қазақстанның коммунистері мен барлық еңбекшілері халық шаруашылығын қуатты өркендету жолындағы күресті бұрынғыдан да көң өрістетуге, республиканың алдында тұрған міндеттерді ойдағыдай орындауға шақырған толық қарар қабылдады.

«Правда» газетінен.

дән еңбекшілері үшін саяси-ғылыми тақырыптарда, халықаралық жағдай туралы, ауыл шаруашылығы алдыңғы қатарлыларының озат тәжірибелері жөнінде лекциялар жиі оқылады. Аудандық партия комитеті бұл лекцияларды оқуға партия, совет активтерін және мамандарды тартты.

Преснов МТС-нің бас агрономы Соколов жолдас январь Пленумы қаулысы жөнінде лекция оқыды. Сол сияқты, Преснов орта мектебінің мұғалімі Денисова жолдас Преснов станицясының тұрғындарына діннің реакциялық мәні жөнінде лекция оқып берді.

С. ТӨЛЕГЕНОВ.

астық, жеті мың сомдай ақша, И. Корыстинский төрт тоннадан аса астық, төрт мың сом ақша алды. Сауыншы Е. Наречная жолдас еңбеккүнге алған астықпен ақшадан тыс қосымша ақыға 1670 килограмм сүт алды. Мұндай табыстар колхозшылардың мал шаруашылығын өркендету тусудегі ынталылығын мейлінше арттырды.

Жоғарыда аталып өтілгендердің барлығы да, сөз жоқ, колхоздың мал шаруашылығын өркендетуде елеулі еңбектенгендігінің нәтижесі. Рас, бұл колхозда малдың өнімділігі январь Пленумы қойып отырған талаптан әлдеқайда төмен. Дегенмен осы ауданның басқа көп колхоз-

қыста да мол алынуына жағдай жасауда.

Бұл күндері колхоз коллективі январь Пленумы қаулысына байланысты мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді арттыруды қамтамасыз етуге бағытталған бірқатар шараларды іске асырғалы отыр. Бұл ең алдымен малазық қорын молайтудан басталмақ. Алдағы көктемде мал азығына арналып 100 гектар жүгері егіледі. Өткен жылы егілген 117 гектар көкшөптік қарабидай бар. Колхоз мал өсірушілері мал шаруашылығы өнімін 1,5 есе арттыруға міндеттін отыр. Бұл — үлкен істің бастамасы ғана.

Зоотехник А. СУРАҒАНОВ.

## ПАТРИОТ—ПАРОВОЗШЫ

...Көшеде көрген машиналардың жүрісіне, айғайына еліктеп, үйге келгенде екі ұртын томпайтып, өзі машина болып гүлдеп жүргенде Ваняның әкесі де, шешесі де өлді. Онда Ваня көзі үнемі күлімсіреп жүретін, жалбыраған ақ қылаң шашы бар, үш жасар сәби еді. Бірақ оның күн көзінде толықсып, еккен ағаштай өсіп келе жатқан үйелмелі-сүйелмелі жас үш ағасы болды да, көрі әжесінің бауырында жетімдік көрмей еркімен өсті. Үлкен ағасы Степан 1938 жылы Армия қызметіне шақырылғанда, Ваня 8 жаста, мектепке алғашқы барған жылы еді. 1941 жылы, жаз Ұлы Отан соғысы басталғанда Ваняның ағалары түгел майданға аттанды. Ал, Ваня ағаларын жақсы көретін, ол ағаларының сүйіктісі еді. Шамасына қарай ағалары жұмсағанда Ваня тіл қайтармай ұшып тұратын. Жас бұзауға жем беріп, суаратын. Астын тазалайтын. Ағалары қартайып келе жатқан үлкен шешелерінің тыныштығын сақтап, аналығын әрі көрілігін сыйлап қартып отырғызатын, су әкелетін, отын әкеліп, аралап кесетін. Соның арасында бала Ваняға да жұмыс табылатын.

—Пилипеевтың балалары өзара тату, әжелерін сыйлайды, әрі оған көмектеседі, — деп жақын көршілері аңыз ете бастады. Бірақ соғыс басталды да Пилипеев балалары Батысқа, әр қалаға, дегенмен бәріне ортақ, бәріне қымбат, бәріне сүйкімді бір ғана нәрсені — Социалистік Отанды қорғауға аттанысты. Жайшылықта балаларымен бірге ойнап, бірге еңбектенісіп, тату-тәтті өскен Пилипеевтың ең кішісі 11 жасар Ваняға Метлишено селосында қалу ақылға сыймайтын сәлекет іс сияқты болып көрінді. Мұнан екі ай бұрын ағалары майданға жүрін кеткен. Барып орналасқан жерлерінен хат келе қойғандай болған жоқ. Ал Ваня ағаларынан хаттың келуін күтпей, тікелей майданға тартуды ойлады. Ой бір басқа да, жол тауып, майданға бару екінші мәселе ғой. Ваняны бұл күдік те үрейдендіре алмады.

—Барамын, дедім майданға, барамын. Майданға жету де қиыншылық болып па? Көрсемші сондай қиыншылықты! — деді ол бір күні өзінің досына.

—Кішкентай балаларды өткізбейді ғой, майданға, — деді досы сенер-сенбестік түрмен.

Ал мен өткізетін жолын таптым. Мен Полуденьен Петропавлга барамын да етіп жатқан әскери эшелондардың біріне ілігемін. Қызыләскерлер мені жасырып алып кетуге тиіс. Ағаларым майданда, өзім жетіммін, жалғыз қара басым, — деп жалынамын ғой оларға, — деді Ваня. Содан кейін:

—Боля, сен аузыңа берік бол. Әжеме бір ауыз сөз де... Мен саған ғана... деп шегендеді досын. Айтқанындай-ақ Ваня Петропавлга келсе, Алтай өлкесіндегі Бийск қаласынан шыққан әскери бөлім станцияға жаңа ғана келген беті екен. Ваня әскери адамдар мінген вагондарды аралап келеді. Оның екі көзі әскери адамдардың жағасында: командир ме, жауынгер ме? Вагондағылар кілең жауынгерлер болса, олармен кету оңай, — деп өзіне шамалап келеді.

Есігін шалқайтып ашып тастап, сырнай тартып, әндетіп отырған вагонның кісі түсіп, мінетін баспалдағының алдына келіп тұра қалды.

—Не керек, бала саған? — деп шу ете түсті фуражка маңдайларына қызыл жұлдыз таққан жауынгерлер жарқын, жылы жүзбен.

—Үш ағам бірдей майданда. Солардың соңынан барайын деп ем. Әке-шешем үш жасымда өліпті. Енді жалғыз өзім. Сіздер мені ала кетіңіздер, — деді Ваня өтініп.

—Жауынгер бола алмайсың ғой, кішкентайсың, — деді біреуі.

—Несі бар, әуелі көмекші болармын. бара-бара жауынгер болып кетуім де ғажап емес. Ол сіздерге байланысты, — деді Ваня екі көзімен оларды ішіп-жеп. Қызыләскерлер ду күдісті.

—Ала кетейік, жігіттер, ә?

—Онда ауыздарыңа сақ боласыңдар. Старшинаға айтайық. Ал, полк командиріне... бір үлкен қалаға немесе майданға жақындап барған соң сездірерміз.

Бұл сөзді естісімен Ваня вагонға секіріп мініп, вагонның түкпірінде отырған жауынгерлер арасына барып, олармен қатар отыра қалды.

Ваня мінген әскери эшелон Куйбышев қаласына келгеннен кейін қызыләскерлер моншаға кетіп, вагондарға тексеріс болғанда Ваня үлкен командирмен бетпе-бет кездесті.

—Сен қайдан пайда болған баласың? — деді, кеудесіне Қызыл ту орденін қараған, елулер шамасындағы командир. Бұл полк командирі, подполковник Алексеев еді.

Ол бір жасар, жалаңаяқ, жалаңбас Ваня командир алдында тұрған жауынгерше екі қолын жанына түсіріп, иегін сол көтеріңкірей, басын жоғары ұстап, подполковниктің барлық сұрақтарына даусы дірідеместен, көздерін жыпылықтатпай анық, ашық үнмен жауап берді. Командирге бұл бала ұнады, оны басының ауған жағына жібергісі келмеді.

—Жақсы, Пилипеев, сен біздің полктың тәрбиеленушісі боласың, — деді де Алексеев, старшинаға Ваняны азық-түлік кім-кешектің есебіне алуға бұйырды.

Ваня да жауынгерлермен бірге моншада жұынып, шашын алдыртты, жаңа гимнастерка, жаңа етік, жаңа шинель, қызыл жұлдызы бар жаңа фуражка, былғары белбеу алып, өзі айтқандай, жауынгер көмекшісі болып шыға келді. Ол тәрбиеленген полкке 1942 жылы гвардия атағы берілді. Ваня Пилипеев винтовка, пулемет, миномет, бөлшектерін үйрене бастады. Ол оқып жүрді, оқып жүріп, полкпен бірге баскыншыларға қарсы ұрыстарға да қатысты. 1944 жылы 25 август күні старшина, батыр коммунист Павел Быковтың бастауымен барлауға шықты. Поле Плоештиден 28

километр жердегі бір деревняға бекініп, жау әскерлерінің орналасу тәртібін, сыр-ын білуді мақсат етіп, «тіл» әкелу керек болды. Міне сол «тіл» әкелуге тілек білдірген, бұйрық алған алты барлаушының бірі біздің қазақстандық Ваня Пилипеев еді. Баскыншылар мен біздің әскерлеріміздің арасы екі километрдей болатын. Айсыз қараңғы түн.

Автомат, гранатамен, қаруланған алты совет жауынгері жер бауырлап, сым торлармен қоршаған қоймаларға жақындап, ілгері жылжып келеді. Өрбір дыбысты: желдің ызыңын, адамның сыбысын, оқые қыймылды, болмашы тырсылды совет барлаушылары көздерімен көріп, құлағымен тыңдап, жүрегімен сезіп, ақылмен шамалап, бүкіл жан-дүниелерімен аңдып, бақылап, біліп келе жатқандай. Совет барлаушыларының жылдамдығы, қырағылығы, батырлығы мен жауынгерлік іске төселіп, жетілгендігі дұшпанды алдап кетті. Үн-түнсіз, ерсілі-қарсылы жүрген күзетшіні қойма бұрышында аңдып тұрған Быков ту сыртынан басса-лып автомат ұстаған екі қолың қосақапсыра құшақтай алғанда, бір жауынгер дұшпанның аузын басып, оны шапшаң кейін әкетті. Бұл «тіл» гитлершілердің обер-ефрейторы болып шықты.

Ваня Пилипеев тәрбиеленген, кейіннен жауынгер болған полк Будапешт, Вена сияқты Европаның үлкен қалаларын фашизмнен азат етуге қатысты. Ол ұрыстарда Ваня өзінің достарымен от-жалын шапқан алдыңғы шептерде бірге болды.

Оналты жасар Пилипеев Отан алдындағы борышты өтеп, 1946 жылы, 2 март күні туған жеріне қайта оралды. Қалалық соғыс комиссариаты оны еңбек резервтерінің қарамағына жіберді. Ол темір жол училищесінде екі жыл оқып, машинистің көмекшісі болып төрт жыл істеді. Машинистер даярлайтын жылдық курсты Ваня 1953 жылы бітіріп, өздігінен паровоз жүргізетін право алды. Одан кейін тәжірибелі машинистің қасына еріп, паровоз алып жүрудің тәсілдерін үйренді. Сонымен, ол паровозды өздігінен жүр-

гізіп, 1954 жылдың 11 ноябінде бірінші сапарға шықты.

Пилипеев өзін бейбіт еңбекте де көрсете бастады. Ол февраль айында социалістік жарыста бірінші орынға ие болды. Ай ішінде ауыр жүк тиелген 14 поезд алып өтіп, жолда қосымша су алмастан 8 рет сапарға шықты. Январь, февраль айларында 84 тоннадай отын үнемдеді. Марттың алғашқы онкүндігінде ауыр жүк тиелген бес поезд алып өтіп, бесеуінде де сапарын жолда қосымша су алмастан аяқтады.

Машинистің жұмысы қиын, оны Пилипеев жоққа шығармайды. Бірақ ол қиыншылықтан тайсалмайды, қиыншылықты қалай жеңгені туралы:

—Февральда боран көп, күн суық, қызыл шұнақ аяздар болды. Ал 12 февраль күні қатты аяз болып суық жел шықты. Есілкөлге 4186 тонна жүк тиелген поезд апарып, қайтарымызда 3700 тонна жүк алып қайттық. Паровоздың жылдамдығына жылдамдық қосып, станцияға графиктен бұрын келдік. Бұл сапарымыздағы қиындық: күннің суықтығы және бүйірден соққан желдің әсері болды. Әрине, бұлар табиғат тарапынан болған қарсылықтар, — деді жас машинист күлімсіреп.

—Енді мен сізге адам тарапынан болған қиыншылықты айтайын, — дейді ол күнделігіне қарап, — 22 февраль күні Петропавл станциясынан Макушин станциясының диспетчеріне онан кейін оралғанымда маған алып қайтатын ауыр жүк тиелген поезд болсын, дедім. Диспетчерлер мен машинистердің арасында жарыста алған міндеттеме болады. Диспетчер паровозшыны ауыр жүк тиелген поездбен қамтамасыз етуге міндеттенеді де, паровозшы оны қабылдауға, график бойынша тиісті станцияға жеткізуге міндеттенеді. Міне, осы себепті Макушин диспетчерінен ауыр салмақты поезд сұрадым. Ол келісімін берді. Жүк алып Макушинге келдім, көмекші мен көчегар паровозға су алып, кемір тиен жатыр.

—Ауыр жүк тиелген поезд бар ма? Біз даярмыз, дейміз, диспетчерге. — Болмай тұрғаны, — дейді ол, күмілжіп, —

Ауыр жүк тиелген поезд Макушинге алыспа, жақын ба, қай жерде келе жатыр? — деп Курганмен сөйлестім. Курган маған керек поездды Макушинге жақын Бонювалов станциясынан шыққанын хабарлады. Ал, оны білуді ауыр жүк тиелген поездбен машинисті қамтамасыз етуді міндетіне алған диспетчер ұмытып кеткен. Ақыры 4100 тонна ауыр жүк тиелген поезд алып, паровоз бригадасы кейін станцияға қуанышпен оралды.

—Енді бір сапарды айтайын, — дейді бойы ортадан жоғары, атжақты қыр мұрын, ақсары жігіт, күнделік беттерін ақтарып отырып, — 26 февраль күні бригада Есілкөлге барып қайтты. Барарда нормадан 500 тонна жүк, қайтарда 1400 тонна жүк артық тиелген еді. Мұнан өзіміз түнде таң алдында жолға шыққанбыз. Күн боран, суық, әрі жел қатты болды. Бүйірден соққан жел поездың жүрісіне әсер етеді. Дегенмен бригада поезды график бойынша апарып, график бойынша алып келді.

—Ағаларыңыз қайда? — деп, адам тағдырын білуге асықтым.

—Бір ағай майданда қаза тапты. Степан Пилипеев деген ағай майданнан келді. Көзір осында үн заводында шофер болып істейді. Араласып жүреміз, бала күніміздегідей татумыз. Үшінші ағай Андрей Пилипеев Оңтүстік — Орал темір жолына қарасты Қарғалы станциясында аға машинист. Абройлы, кәдірлі көрінеді. Әйелімді, қызымды ертіп, жаңа жылды Андрейдің үйінде өткіздік. Дено үш бөлмелі үй берінті, өзі нұсқаушы-машинист. Тұрмысы өте жақсы, семьямызбен қуанып қайттық, — дейді Ваня күлімсіреп.

—Міндет, деді сөзінің қорытындысында Пилипеев, — бесінші бесжылдықтың жүк тасу жоспарын мерзімінен бұрын орындау. Бұл міндетті орындаймыз. Алға қойған тілек — мемлекетіміздің қуаттылығын арттыра беру ісіне өз үлесімізді қосу, сөйтіп, оны бейбітшілік пен социализмнің қамалына айналдыру.

Ж. МҰЗАПАРОВ.

# Петропавл ауданы, „Красный пахарь“ колхозының астық және мал шаруашылығын өркендету жөніндегі 1955-1960 жылдарға жасаған перспективалық жоспары

СОБН Орталық Комитеті январь Пленумының тарихи қаулысын басшылыққа ала отырып, Петропавл ауданы, «Красный пахарь» ауылшаруашылық артелінің мүшелері астық және мал шаруашылығын өркендету жөнінде 1955—1960 жылдары жүзеге асырылатын шаралар белгіледі. Ол колхозды ұйымдық-шаруашылық жарынан нығайта беруге, астық және мал шаруашылығы өнімдерін

арттыруға, колхозшылардың материалдық және мәдени дәрежесін көтеруге, бағытталған.

Шараларды белгілеуде егіншілік, овощ өсіру, мал шаруашылығын өркендету, жемшөп базасын нығайту, өндірістік құрылыстарды көптеп салу, ауыр жұмыстарды механизандыру ісі тағы басқа шаруашылық салалар мұқият ескерілген.

## I. Астық шаруашылығын өркендету беру жөнінде

Колхозда астықтың жалпы түсімін арттыруға, картоптан, овощтан және басқа да малазығындық дақылдардан алынатын жалпы өнімді арттыруға көптеген резервтер бар. Шаруашылыққа бекітілген 6280 гектар жер бар. Мұның соңғы уақытқа дейін 4776 гектары ғана пайдаланылып келді, оның ішінде егістікке пайдаланылғаны 3370 гектар. Колхозшылар таяудағы бес-алты жылдың ішінде пішен және екіпе жайылымдықтар үшін 674 гектар батпақты жерді игеруді ұйғарды. Осындай 177 гектар жерге үстіміздегі көктемде біржылдық және көпжылдық шөп егілетін болады. 1960 жылдың аяғында пайдаланылған жер көлемі 5450 гектарға жетеді немесе 14 процент өседі.

Астық шаруашылығын онан әрі арттыру мақсатымен жаңа ауыспалы егістер енгізу белгіленген. Егістікке жарамды барлық алаңдарда үш ауыспалы егіс жүйесі болады: сегіз танапты егіс даласы — 2608 гектар, жемшөптік (ферма жанындағы) жеті танапты ауыспалы егіс — 663 гектар, овощ — 91 гектар және бақ — 20 гектар; далалық және ферма жанындағы ауыспалы егіс 1959 жылы толық пайдаға асырылады, ал овощ — 1958 жылы түгел игеріледі.

### СЕГІЗ ТАНАПТЫ АУЫСПАЛЫ ЕГІС ДАЛАСЫНЫҢ СХЕМАСЫ

Танаптар номері	Дақылдар	Алаң гектар есебімен
Бірінші	Таза пар	176
	Күздік егілген немесе көкшөпке, пішенге арналған дақылдар егілген пар	150
Екінші	Бидай	326
Үшінші	Бидай	326
Төртінші	Пішен үшін егілген біржылдық шөп	326
Бесінші	Астық үшін егілетін күздік, бидай және бұрыш тұқымдас дақылдар	326

тінші және сегізінші танаптарда егін егу үшін топырағы жеңіл ғана өңделетін болады.

### ЖЕМШӨПТІК (ФЕРМА ЖАНЫНДАҒЫ) ЖЕТІ ТАНАПТЫ АУЫСПАЛЫ ЕГІС СХЕМАСЫ

Танаптар номері	Дақылдар	Алаң гектар есебімен
Бірінші	Бірінші жыл пайдаланылатын көпжылдық шөп	94,5
Екінші	Екінші жыл пайдаланылатын көпжылдық шөп	94,5
Үшінші	Үшінші жыл пайдаланылатын көпжылдық шөп	94,5
Төртінші	Бидай 72 га, тары 22,5 га	94,5
Бесінші	Дән үшін жүгері	94,5
Алтыншы	Жүгері 45 га, тамыржеміс 25 га және картоп 25 га	95,0
Жетінші	Үстеп көпжылдық шөп егілетін малазығындық дақыл	94,5
	Барлығы	662

Төртінші танаптағы бидай мен тары күз жыртылған жерге, бесінші танаптағы жүгері сыдыра жыртылған жерге, алтыншы танаптағы барлық дақылдар — күз қайырмасыя пflugпен терең қопсытылған жерге, ал жетінші танаптағы малазығындық дақылдар — топырақты жұқалай өңдеген жерге отырғызылады.

Бұл схема бойынша екі ауыспалы егіс танабы болуы белгіленді: Асанов танабы — 442 гектар алаңға және Михайлов танабы — 220 гектар.

Үшінші жыл пайдаланылатын көпжылдық шөптер егілген танап малдар мен қойлар үшін табиғи жайылымдық ретінде пайдаланылады.

1955 жылға белгіленген шаралардың ішінде 120 гектар жүгері егілетін алаңнан мол өнім алуды қамтамасыз ету үшін оның әрбір гектарына 10—15 гектар көп төгу белгіленген.

шаршы-ұялап отырғызу жұмысы қолмен жүргізіледі. Жүгеріні тұқымға өсіру үшін оны үстіміздегі жылы көң-топырақты құмыраларда өсіреміз.

Егіннің шығымдылығын арттыру жөніндегі шараларда ең алдымен жерді органикалық және минералды тыңайтқыштармен өңдеу жұмысын жақсарту белгіленген. Үстіміздегі жылы парға жыртылған 150 гектар алаңға әр гектарына 15—20 тоннадан қызған көң төгу ісі жоспарланды. Ал 150 гектар алаңға егілген күздіктің әрбір гектарына көрелік 0,7 центнер фосфор және 0,5 центнер азот төгіледі. 145 гектар алаңға отырғызылған картоптың әрбір гектарына төмендегідей мөлшерде минералды тыңайтқыштар енгізіледі: Калий — 0,8 центнер, фосфор — 1,2 центнер және азот 1 центнер.

Картоп, жүгері, біржылдық шөп сыяқты ұсақ тұқымды дақылдар егілген жерлер тұқым себілгеннен кейін тығыздалады. Ал картоп және жүгері көктем шыққан кезде оларды арамшөптен сақтау, ылғалдың мол болуы үшін жеңіл тырмалау жүргізіледі.

Колхозшылар ауылшаруашылық жұмыстарының барлық түрлерін де ең қысқа агротехникалық мерзімде дөңді дақылдар себуди 6—8 күнде, картоп отырғызуды 8—10 күн ішінде аяқтауға міндеттеніп отыр; күнбағыс, көпжылдық шөп, малазығындық тамыржемістер, ұсақ тұқымды овощ дақылдары дөңді дақылдар егілгенге дейін себіледі. Сонымен бірге мұнда топырақтың жарамдылығы және температура мөлшері есепке алынады.

Егін жыйнау жұмыстарын 7—8 жұмыс күні ішінде аяқтау белгіленіп отыр. Комбайнды дөңтүтқыштармен жабдықтау, комбайннан астықты жүк машиналарымен қабылдау, астықты тазарту жұмыстарын механизандырылған әдіспен жүргізуді қамтамасыз ететін шаралар алдын-ала белгіленіп отыр. Қырманда астық-көптіргіш жұмыс істейтін болады.

Колхозда жүгері және малазығындық тамыржемісті дақылдар өсіру жөнінде звенолар құрылды, овощ өсіруші бригада нығайтылуда. 20-дан астам колхозшылар ұшжылдық агротехникалық курстарда оқиды.

Жаңа ауыспалы егіс танабын меңгеру, агротехниканың озат әдістерін қолдану және егіншіліктің шеберлері тәжірибесін іске батыл енгізу арқылы ауылшаруашы-

## II. Мал шаруашылығын өркендету және жалпы өнім мен товарлы өнімді арттыру жөнінде

Колхозда дөңді дақылдар шаруашылығы мен малазықтық егісті өркендету беру

лық дақылдарының жалпы түсімін және товарлы өнімін жылдан-жылға арттыра беруге жағдай туады. 1952 жылмен салыстырғанда 1956 жылы дөңді дақылдың әр гектарынан алынатын өнім 15 центнерге жетеді, жүгері собығы — 20 центнерге дейін, картоп 200 центнерге дейін, сүрлемдік дақыл — 250 центнерге дейін, пішенге арналған біржылдық шөп 30 центнерге дейін, көпжылдық шөп 25 центнерге дейін, табиғи шайылымдықтардан 30 центнерге дейін өнім алынатын болады. Әр гектардан қапустаң өнімі 220 центнерге, помидор — 150 центнерге, қыяр — 120 центнерге жеткізіледі.

1960 жылдың аяғында дөңді дақылдардың жалпы өнімі 29774 центнер болады, оның ішінде собықты жүгері 3060 центнер яғни 1954 жылмен салыстырғанда 2,7 есе артады. Ал бидайдың жалпы өнімі 3,2 есе өседі. Картоптың жалпы өнімі 35 мың центнер, овощ — 10190 центнер, сүрлемдік дақыл — 45 мың центнер, малазығындық түйнекті тамыр-жеміс және бақша дақылдар 10 мың центнер, табиғи жайылымдықтар мен пішенге егілген шөп 16500 центнер, жайылымдық жемшөп — 107760 центнер болады. 29774 центнер дөңді дақылдар өнімінің 9950 центнері егін шығымдылығын арттыру арқылы, 3980 центнері егін жыйнау кезіндегі ысырапқа жол бермеу арқылы алынатын өнім болуға тиіс.

Товарлы өнімді арттыру жөнінде де елеулі шаралар белгіленді. Мысалы, 1960 жылы товарлы дөңді дақыл 11020 центнер, картоп — 1185, овощ — 8370, майлы дақылдар — 459 центнер өндіріледі. Жыл сайын осы дақылдардың көбін және мал шаруашылығы өнімдерін мемлекетке мейлінше мол сағу ісі белгіленді — 1955 жылдың өзінде-ақ товарлы өнімнің арасалмағы: астық 41,4 процент, картоп 40,2 процент, овощ 71,8 процент, ет 96,6 процент, сүт 75,4 процент болмақшы.

Дөңді дақылдардың жалпы өнімінің артуы мал шаруашылығына қажетті концентратты жемазықтың мол болуына жағдай жасайды. 1960 жылы 7200 центнер астық мал азығына жұмсалатын болады. Ал 1954 жылы мал азығына 963 центнер астық жұмсалған еді. Сөйтіп, 1960 жылы мал азығына жұмсалатын астық мөлшері 7,5 есе өседі.

өнімділігін арттыруға жетісу ісі белгіленіп отыр. 1960 жылдың аяғында ферма-

асырылады. Тұқым үшін өсірілген әрбір бұзауға алты ай толғанша кемінде 450 килограмм майын алмаған сүт, 1000 килограмм барда, 180—200 килограмм концентрат беріледі.

Артельдің товарлы-сүт фермасында күтіп-бағу жағдайына қарай жақсара беретін қырдың қызыл тұқымды сыйырлары өсіріледі. Тек 1954 жылдың өзінде 1953 жылмен салыстырғанда әрбір сыйырдан алынған сүт 615 килограмм өсті, яғни 1800 килограмм болды. Колхозшылар мал тұқымын асылдандыра беру, сыйырларды сүттілігіне және сүттің майлылығына қарай іріктеп ала отырып, 1960 жылы әрбір сауын сыйырдан кемінде 3000 килограмм сүт алуды жоспарлады. 1956 жылдан бастап мемлекетке күзгі-қысқы кезеңдерде сүт тапсыруды және сүт өндіруді арттыруды қамтамасыз ететін жағдай — сыйырларды жылдың барлық айларында біржылғы бұзаулату ісі жүзеге асырылады.

1955 жылы тұқымдық 230 сыйыр, қунажын және бойдақ малдар жаз қолдалагерлеп-күтіледі. Ол үшін егілген 146 гектар күздік қарабидай және 265 гектар жүгері, күнбағыс және біржылдық шөптер бар. Сонымен бірге сыйырларды азықтандыруда мемлекетке сатылған сүт үшін алынатын барда, сыра бөртпесі және концентратты азықтар беріледі.

Шошқа, құс және ара шаруашылығын өркендетуге де мейлінше көңіл бөлінуде. Шошқаларды бордақылауды дұрыс ұйымдастыру үшін 200 шошқа сыатын жаңа қора салынады. 40 мегежін торайымен тұратын стандартты қора салу жұмысы 1955 жылы аяқталады.

Жемшөп қорын өндіруді ұлғайтпайынша, мал шаруашылығын шұғыл өркендету мүмкін емес. Сондықтан бізде әрбір 100 бас малға төмендегі мөлшерде жемшөп әзірленеді:

Мал түрлері	Жемшөп түрлері (центнер есебімен)									
	Ірі сабақты жемшөп			Қунарлы жемшөп						
	Барлығы	оның ішінде		Барлығы	Оның ішінде			концентрат	көкшөптік азықтар	жылдық жемшөптік едініша
		Шөп	Сабан		сүрлем	тамыр-жеміс	картоп			
Сыйыр малы	1700	600	1100	4100	3500	300	300	350	6000	2900
Қой	500	300	200	350	250	100	—	60	1300	600
Жылқы	2560	1560	1000	700	400	300	—	1000	5000	3100
Құс (жүзетін дерін қоса)	5	5	—	35	—	10	25	40	40	60
Шошқа (әр мегежіннен 5 торайды бордақылаумен)	5	5	—	45	—	5	40	40	60	68,5

1960 жылы барлық жемшөптің ішіндегі ірі сабақты жемшөптің 95 проценті және жайылымдық жемшөптің 62,2 проценті егістік малазық қорын жасау арқылы өндіріледі.

Мал шаруашылығының сүрлемдік қажеті жүгері, күнбағыс және картоп, малазықтық тамыржемістер мен овощ дақылдары сабағын пайдалану арқылы өтеледі.

Мал азығын өндіру ісін жоспарлауда колхозшылардың жеке меншігіндегі малдарды қамтамасыз ету де мұқият ескерілді.

Қоғамдық малды жемшөппен толық қамтамасыз еткенде, колхозшыларға еңбеккүнге бөлінетін және малазығындық хауісіздендіру қорын қоса есептегенде, 1960 жылы өндірілетін жемшөп мынадай болуға тиіс: ірі сабақты жемшөп — 37500 центнер, оның ішінде 17500 центнер шөп, қунарлы азық — 55 мың

центнер, тамыржемісті және бақша дақылдары 5 мың центнер, картоп 5 мың центнер, жайылымдық азық — 107760 центнер, оның ішінде күздік қарабидай, жүгері, күнбағыс және біржылдық шөп егілген көкшелер — 67 мың центнер, концентрат — 9 мың центнер, оның ішінде 1800 центнері егін және мал шаруашылығы өнімдеріне айырбас ретінде алынады.

Осылармен қатар мал фермаларын дұрыс орналастырудың шаралары да қарастырылды. Мысалы, қой, бойдақ малдар және жылқы фермалары Михайловка сыяқты жайылымдық жерлері мол учас-токке орналастырылады. Үстіміздегі жылдан бастап әрбір фермаға белгілі табиғи жайылымдықтар бекіту ісі, жайылымдықты заңонды система бойынша пайдалану ісі де мұқият жүзеге асырылады. Жайылымдықтың бірқатары колхозшылардың жеке меншігіндегі малдар үшін

Алтыншы	Картон	175
	Күнбағыс	75
	Жүгері	76
Жетінші	Бидай	326
Сегізінші	Бидай	150
	Мал азығы үшін (сұлы, арпа)	176
	Барлығы	2608

Жоғарыда көрсетілгендей ауыспалы егістегі көпжылдық шөп орнына біржылдық шөптің егілуі, сондай-ақ парға көкшөп үшін, пішен үшін күздік қарабидай егу мал азығын өндіруді арттыруға жағдай туғызады.

Ауыспалы егіс далаларында пар Т. С. Мальцев әдісі бойынша жұмысталады. Үшінші танапта бидай, төртінші танапта біржылдық шөп, бесінші танапта күздік қарабидай, жаздық бидай және бұршақ тұқымдас дақылдар егу жұмыстары сыдыра жыртылған жерде жүргізіледі, ал дөңді дақылдар егу ісі қайырмасыз плугпен жыртылған зыбке жүргізіледі. Же-

**ЖЫЛ САЙЫН ЖЕРДІ ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ ДАҚЫЛДАРЫН ЕГЕТІН ЖЕРДІН СТРУКТУРАСЫН ӨЗГЕРТУ СЫЙПАТЫ ТӨМЕНДЕГІШЕ БОЛАДЫ:**

	1955 ж. гектар есебімен		1955 жылғымен салыстырғандағы өсім проценти	Дақылдың егістік алаңдағы үлес салмағы
	1955 жылғы гектар есебімен	1960 жылғы гектар есебімен		
Барлық жер көлемі	6280,4	6280,4	—	—
Пайдаланудағы жыртылған жер	3370,0	3370,0	—	—
Дөңді дақылдар	1950	1989,5	102,0	59,0
Оның ішінде жаздық бидай	1270	1270	100,0	—
Малазығындық дақылдар	360	441	122,5	—
Дән үшін егілген жүгері собығы	50	170,5	341,0	—
Майлы дақылдар	55	75	136,4	2,2
Картон	145	175	120,7	5,2
Овощь	65	65	100,0	1,9
Бақ	2,5	20	—	—
Жемшөптік дақылдар	687	730,5	106,3	21,7
Оның ішінде көпжылдық шөптер	297	309	104,2	—
Біржылдық шөптер	240	326	141,7	—
Сүрлем және көкше үшін егілген жүгері	170	126,5	—	—
Дөңді дақылдар үшін пар	465,5	326	—	9,7
Табиғи және еkle шабындықтар	268	683	640,5	239,0
Табиғи жайылымдықтар	1347	1347	—	—

Барлық жыртылған алаңдарда, сондай-ақ шабындық және жайылымдық жерлерде, өткен жылы күздік және көпжылдық шөптер егілген алаңдарда ылғалды көп сақтау үшін көктемде ауыр тырмалау жүргізіміз. Жаздық дақылдарды егер алдында барлық жерлер культивациямен және сыдыра жыртғышпен өңделеді, ал біржылдық арам шөптер өте көп шыққан

**ЖЕТИ ТАНАПТЫ ОВОЩЬ АУЫСПАЛЫ ЕГІСІНІҢ СХЕМАСЫ**

Танаптар номері	Дақылдар	Алаң гектар есебімен
Бірінші	Көпжылдық дөңді-бұршақтұқымдас шөптер (бұршақ егуісіз)	13
Екінші	Екінші жыл пайдаланылатын көпжылдық шөптер	13
Үшінші	Капуста	13
Төртінші	Помидор	13
Бесінші	Қыяр, пияз	13
Алтыншы	Капуста	13
Жетінші	Тағамдық тамыржемістер	13
	Барлығы	91,0

Бұл ауыспалы егіс танабы «Рыбное» көлінің жағалауына орналасқан. Барлық алаң қолмен суарылатын болады.

негізінде мал шаруашылығын өрте бас-ларда мынадай мөлшерде қоғамдық мал-тыру, оның тұқымын асылдандыру және дар болады:

**а) мал басының және құстардың өсімі**

	1 октябрьде қолда бар малдар			Әрбір 100 гектар жерге келетін мал саны	
	1954 ж.	1960 ж.	Өсім % есебімен	1954 ж.	1960 ж.
Ірі мүйізді қарамалдар барлығы	882	1000	12,2	16,3	18,3
Оның ішінде сыйыр	216	500	131,5	4,5	9,0
Қой	854	1000	17,1	18,0	18,3
Оның ішінде саулықтар	390	650	66,7	—	—
Виязы және виязылау жүнді қойлар	570	1000	75,6	—	—
Шошқа	222	250	12,6	6,6	7,4
Оның ішінде мегежіндер	34	40	17,6	—	—
Майлы және жартылай майлы кондицияда бордақыланған шошқалар саны	—	200	—	—	6,0
Құстар	2115	4400	108,0	102	225
Оның ішінде су құстары	4	400	—	—	—
Ара семьялары	—	50	—	—	—
Жылқы барлығы	169	125	—	3,1	2,3
Оның ішінде биелер	45	25	—	—	—

**б) мал шаруашылығы өнімдерін арттыру**

Әрбір сыйырдан алынатын сүт (кг. есебімен).	Әрбір қойдан қырқылатын жүн (кг. есебімен).	Жыл ішінде бір құстан алынатын жұмыртқа			Мемлекетке тапсырылатын шошқаның тірі, дей салмағы						
		1954 жыл	1960 жыл	Өсім %	1954 жыл	1960 жыл	Өсім %				
1800	3000	66,7	1,95	3,5	79,5	39	110	282	80	150	87,5

**в) мал шаруашылығы өнімдерінің жалпы түсімі**

	Жалпы өнім мөлшері						Әрбір 100 гектар жерге цент. есебімен	
	1954 ж.		1960 ж.		өсу проценти	1954 ж.	1960 ж.	
	Бас	салмағы цент.	Бас	салмағы цент.				
Сүт	—	3207	—	15000	367,7	67,2	275,2	
Оның ішінде товарлы сүт	—	2631	—	9513	261,5	55,1	174,5	
Ет, тірі салмақ есебінде	—	957,6	—	1485	55,5	20,0	27,2	
Оның ішінде товарлысы	—	928	—	1379	48,6	17,4	25,3	
—«— сыйыр еті	—	281	—	735	300	800	—	
—«— қой	—	192	—	75,5	700	280	270,9	
—«— шошқа	—	402	—	131,5	600	340	158,3	
Бұлардан мемлекетке тапсырылатыны	—	96	—	77	200	300	289,6	
Оның ішінде құс	—	1238	—	15,6	4000	65	316,7	
Жүн	—	16,2	—	—	35,0	116,0	0,3	
Жұмыртқа (дана)	—	39000	—	—	330000	915,0	1873	
Бал	—	—	—	—	20,0	—	—	
Оның ішінде товарлысы	—	—	—	—	10,0	—	—	

1960 жылғы жалпы мал басы онша көбеймегенмен оның ішінде аналық малдардың үлес салмағы әлдеқайда артады. Мысалы, ірі қарамалдар табынында сыйыр басының үлесі 50 процент өседі немесе 2,3 есе көбейеді, саулық қойлар 55 процент өседі. Әрбір мегежіннен кезінде 5 торай бордақлау және аларды майлы, жартылай майлы кондициялы етіп, салмағын 150 килограмға жеткізу белгіленіп отыр.

Товарлы-сүт фермасында мал тұқымын асылдандырудың маңызды шаралары белгіленді. Ең алдымен сыйырлардың сүттілігін арттыру, бұзауларды от жағылмайтын үйлерде күту ісі тез уақытта іске

**III. Құрылыс, сумен жабдықтау және механикаландыру жөнінде**

Колхоз өндірісінің барлық салаларын бірдей өркендетуді қамтамасыз ететін шаралармен байланысты 1955 — 1960 жылдары сумен жабдықтау құрылыстарын кең жүргізуді және механикаландыру жұмыстарының өріс алуы жоспарланды.

Мал қораларын стандартты типпен салу аяқталысымен мал шаруашылығындағы қол еңбегін көп керек ететін жұмыстардың барлығы да комплексті механикаландырылады.

1956 жылы 200 сыйыр тұратын қораны автоматты суарғыштармен жабдықтау, аспалы жолдармен қамтамасыз ету сондай-ақ сыйырларды электр агрегаттарымен саууды іске асыру жоспар-

ланып отыр. Мал қоралары құрылысына жергілікті шлак, құм, қамыс сыяқты материалдарды кең қолдану ісі белгіленуде.

1955—1960 жылдары құрылысқа, механикаландыруға, сумен қамтамасыз етуге және осы жұмыстарға қажетті машиналарды алуға жұмсалатын күрделі құрылыстық қаражаттың жалпы мөлшері 3790988 сом болады. Алғашқы төрт жыл ішінде бұл жоспарлы құрылыстарға және мал фермаларын механикаландыру ісіне өз қаражаттарымызбен бірге мемлекеттен 1052379 сом қарыз алынып жұмсалды. Шаруашылық экономикасының нығаюына байланысты қарыз алу мөлшері азайтылады.

Егін және мал шаруашылығын өркендету жөніндегі бұл шаралардың іске асырылуы нәтижесінде шаруашылықтың табысы тез өседі және күрделі құрылыс есебіне бөлінетін қаражат мөлшері молайды.

**IV. Табыстың өсуі**

Егін және мал шаруашылығын өркендету жөніндегі бұл шаралардың іске асырылуы нәтижесінде шаруашылықтың табысы тез өседі және күрделі құрылыс есебіне бөлінетін қаражат мөлшері молайды.

Егін және мал шаруашылығын өркендету жөніндегі бұл шаралардың іске асырылуы нәтижесінде шаруашылықтың табысы тез өседі және күрделі құрылыс есебіне бөлінетін қаражат мөлшері молайды.

**Ақшалай табыс (сом есебімен)**

Кіріс статьялары	1955 жыл	1960 жыл
<b>А. Өсімдік шаруашылығы</b>		
1. Мемлекетке тапсырудан	15049	15615
2. Мемлекетке сатудан	343568	1276877
3. Колхоз базарына сатудан	55130	110650
Жыйнағы	413747	1403142
<b>Б. Мал шаруашылығы</b>		
4. Мемлекетке тапсырудан	89360	120400
5. Мемлекетке сатудан	442210	1786400
6. Колхоз базарына сатудан	50720	272170
Жыйнағы	582290	2178970
<b>В. Көмекші кәсіпорындарынан түсетін табыстар</b>	20000	50000
<b>Г. Басқа табыстар</b>	27412	41100
<b>Д. Күрделі құрылыстар сатындағы банка проценти</b>	1503	1650
Жыйнағы	1044952	3674862

Жалпы табыс мөлшерінің өсуімен бірге, колхозшылардың материалдық және мәдени-тұрмыстық дәрежесі де арта түседі. 1960 жылы олар әр еңбеккүнге 3 килограмм астық, 1 килограмм картон, 0,4 килограмм овощь, 50 грамм сарымай, 3,1 килограмм ірі сабақты жемшөп, 2,7 килограмм сүрлем және ақшалай 7 сом 56 тиыш алады.

Жалпы табыс мөлшерінің өсуімен бірге, колхозшылардың материалдық және мәдени-тұрмыстық дәрежесі де арта түседі. 1960 жылы олар әр еңбеккүнге 3 килограмм астық, 1 килограмм картон, 0,4 килограмм овощь, 50 грамм сарымай, 3,1 килограмм ірі сабақты жемшөп, 2,7 килограмм сүрлем және ақшалай 7 сом 56 тиыш алады.

Бұл белгіленген шаралардың толық жүзеге асатыны сөзсіз. Өйткені оның мүлтіксіз орындалуы үшін Совет мемлекеті барлық жағдайды жасап отыр. Үстіміздегі жылдың өзінде ғана колхоздың егістік даласында 9 шығыр табанды және 7 доңғалақты трактор жұмыс істейді, оның ішінде жаңа маркалы бір «Белорусь», бір «БД — 35» тракторы бар. Асанов МТС-нің коллективі колхоздың астық және малшаруашылығы өнімдерін арттыру туралы белгіленген шараларын талқылай отырып, егіншілік жұмысының 95 процентін комплексті механикаландыруға, мал шаруашылығындағы жемшөп тасу, сумен қамтамасыз ету, сыйыр сауу, қой қырку, колхоздағы өндірістік және мәдени-тұрмыстық үй құрылыстарын салу, және маман кадрлар дайындау жұмыстарына қалтқысыз көмек жасап отыруға міндеттенді.

Бұл белгіленген шаралар «Красный пахарь» ауылшаруашылық артели колхозшыларының көпшілік жыйналысында бекітілді.

# ССРО ЖОҒАРҒЫ СОВЕТИНІҢ ДЕЛЕГАЦИЯСЫ ПОЛЬШАҒА ЖҮРІП КЕТТІ

Поляк Халық Республикасы сеймінің шақыруы бойынша, ССРО Жоғарғы Советінің одақ Советінің Председатели А. П. Волков бастаған ССРО Жоғарғы Советінің делегациясы кеше, 15 мартта, Польшаға самолетпен ұшын кетті. Делегацияның құрамында ССРО Жоғарғы Советінің депутаттары — В. С. Балахина, П. Б. Быков, М. С. Гречуха, М. П. Каунайта, В. Ф. Куревич, А. М. Сафронов бар.

Булукова аэродромында делегацияны ССРО Жоғарғы Советінің депутаттары В. Г. Блажонов, С. Д. Писнецкий, С. А. Ткачков, И. С. Козлов, ССРО Жоғарғы Советі Президиумы секретарының орынбасары А. Ф. Горький, ССРО Жоғарғы Советі Президиумы кеңесінің бастығы Л. К. Козлов, еңбекшілер депутаттарының Москва қалалық Советі атқару комитеті председателинің орынбасары Н. П.

Бабровников, ССРО Сыртқы істер министрлігінің протокол бөлімінің меңгерушісі Е. Д. Киселев, ССРО Сыртқы Істер Министрлігінің Европалық IV бөлімі меңгерушісінің орынбасары В. Ф. Николаев шығарып салды. Делегацияны мұнымен қатар Поляк Халық Республикасының Уақытша Елшісі Ю. Ванакс, Елшіліктің мүшелері шығарып салды.

# ССРО Жоғарғы Советі делегациясының Варшаваға келуі

ВАРШАВА, 15 март. (СОТА). Поляк Халық Республикасының сеймі президиумының шақыруы бойынша сеймінің VI сессиясының жұмысына қатысу үшін ССРО Жоғарғы Советінің делегациясы: ССРО Жоғарғы Советі Одақ Советінің председатели А. П. Волков, (делегацияның бастысы), ССРО Жоғарғы Советінің депутаттары А. М. Сафронов, М. С. Гречуха, В. Ф. Куревич, В. С. Балахина, М. П. Каунайта және П. Б. Быков бүгін Варшаваға келді.

ның өкілдері ретінде шын жүректен құттықтаймын. Біз сіздерді халықтардың бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы күресті басқалардан гөрі қаны анағұрлым көп төгіліп ерлік істер істеген, халықтардың бостандық жолындағы жеңіліс күресінің негізгі ауыртпалығын көтерген елдің өкілдері ретінде құттықтаймын.

Поляк халқы сіздерді, совет халықтарының өкілдерін, шын жүректен құттықтайды, өйткені біз совет халықтарымен өзіндік достық және туысқандық сезімдермен, бостандықпен прогрестің бірлескен идеяларымен, біздің халықтарымыздың және бүкіл адамзаттың бақыты үшін бірлесіп ұмтылған талаптармен мәңгі байланыстырып отырмыз. Біз сіздерді бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшіліктің ең сенімді тірегі болып табылатын елдің өкілдері ретінде құттықтаймыз. Сіздердің Польшада болуларыңыз бүкіл адамзаттың ең жоғары игілігі — бейбітшілік жолындағы күресте біздің достас халықтарымызды бұрынғыдан да бекем біріктіреді деп біз мәлім сенеміз.

А. П. Волков жауап сөз сөйледі: Бізбен достас Поляк Халық Республикасының жеріне келіп отырған кезде, деді ол, ССРО Жоғарғы Советі делегациясының, ең алдымен, қаһарман Варшаваның халқына және Польшаның біріккен жұмысын партиясының басшылығымен жаңа, бақытты тұрмыс орнатып жатқан бүкіл поляк халқына ең жаманды және шын ықласты сәлемдерін айтқысы келеді.

Біз әсіресе дақты мереке қарсаңындағы — достық, өзара көмек және сәйкестен кейінгі ынтимақ туралы Совет Одағы мен Польшаның арасында жасалған договордың 10 жылдығы қарсаңындағы күндерде поляк халқы құттықтап отырғанымызға ерекше мұнапыштымыз.

Біздің халықтарымыздың туысқандық

қалтқысыз достығы күннен-күнге артып, нығайтып келеді. Бұл достық екі елдің өзара сеніміне және ұлттық мүдделерін құрметтеуіне негізделген. Сондықтан да бұл достықты бұза алатын ешқандай күш жоқ.

ССРО Жоғарғы Советінің жуырда болып өткен Сессиясы барлық мемлекеттердің халықтары мен парламенттеріне арналған Декларация қабылдады. Бұл Декларацияда кейбір мемлекеттер жүргізіп отырған герман милитаризмін қайта тудыру және соғыс блоктары мен топтары құру саясатының салдарынан тууы мүмкін болатын дүшежузілік жаңа соғыстың қатеріне назар аударылды.

Жоғарғы Совет барлық елдердің халықтары мен парламенттеріне үндеу жазып, өз күнтерін біріктіруге және дүниежүзілік жаңа соғыстың басталуына жол бермеуге шақырды.

Бұл шақыруға алдыңғылардың бірі болып үй қосқан және бейбітшілік мүдделері үшін әртүрлі елдердің парламенттері арасында ынтимақты жүзеге асыру жөніндегі нақты қадам ретінде ССРО Жоғарғы Советінің делегациясын өз еліне болуға және сеймнің ертең ашылатын сессиясына қатысуға шақырған Поляк сейміне біз шын ықласпен сүйейтін алғысымызды айтамыз.

Совет Одағының халықтары туысқан поляк халқының еңбектері табыстарын терең тілектестік сезімімен қадалауда және оның барлық бейбітшілік халықтарымен бірге бүкіл дүние жүзінде бейбітшілік ісін нығайту жолында жүргізіп отырған белсенді күресін ерекше қанағаттандыратын сезіммен атап көрсетуде.

Поляк Халық Республикасы еңбекшілерінің, деп мәлімдеді, қорытындысында А. П. Волков, Социалистік Польша орнатудың ұлы ісінде бұдан былай да зор табыстарға жете беруге тілектестік білдіруіме рұқсат етіңіздер.

## ПОЛЬША МЕН ВЕНГРИЯ АРАСЫНДАҒЫ ҒЫЛМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ ҰНТЫМАҚ

БУДАПЕШТ, 15 март. (СОТА). Марттың 4-інен 11-іне дейін Будапеште ғылыми-техникалық ұнтымақ жөнінде поляк-венгер комиссиясының кезекті сессиясы

# Жапон Компартиясының Орталық басшы органының құрамындағы өзгерістер

ШАНХАЙ, 15 март. (СОТА). Жапон радиосының хабар еткеніндей, бүгін Токиода жапон Компартиясының Орталық басшы органы ұйымдастырған баспасөз конференциясы болған.

Баспасөз конференциясында жапон Компартиясының Орталық басшы органының құрамында болған өзгерістер жарияланған. Басшы органда ендігі жерде 8 адам-

ның орнына 4 адам болып, оны Сиоци Касуга басқаратын көрінеді. Басшы органының құрамына сонымен қатар Иоси Сига, Кендзи Миямото және Итару Иона хара кірген. Басшы орган мүшелерінің саны партияның күнбе-күнгі жұмысының мәселелерін неғұрлым жедел шешіп отыру мақсатымен азайтылған.

# Жапония Американың атом базасы болмауға тиіс

### ЖАПОН ЖҮРТИШЫЛЫҒЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ

ШАНХАЙ, 16 март. (СОТА). Жапон радиосының хабарына қарағанда, 14 мартта Токиода болған баспасөз конференциясында Жапонияның премьер-министрі Хатояма сөз сөйлеген. Тілшілердің сурақтарына жауап бере кезініп, Хатояма, атап айтқанда, былай деп мәлімдеген: оның өзі Жапонияның территориясында Құрама Штаттардың атом бомбаларының заңастары болуына қарсы емес, сонымен қатар Қытай, Шығыста, атап айтқанда, Тайвань бұғазы ауданында соғыс қымылдары басталғандай жағдайда АҚШ-тың Жапонияны өзінің соғыс базасы ретінде пайдалануына қарсы емес.

Жапон премьер-министрінің бұл мәлімдемесі жапон жұртышылығының ашулы-назарын тудырған. Жапонияның солшыл социалистік партиясы, деп хабарлайды Токио радиосы, Хатояманың сөздерін қатты айыптап, оның бұл мәлімдемесін қайтып алуын талап етті. «Хатояманың соңғы мәлімдемесі, — деп көрсеткен солшыл социалистік партия, — оның өзі жариялаған көрінісес елдермен қатынас-

тарды бірқалыпқа келтіру саясатына қайшы келеді».

Жапонияның оңшыл социалистік партиясы атқару комитетінің кеше болған мәжілісінде де былай деп атап көрсетілген: Хатояманың мәлімдемесі «оның сайлау алдындағы декларацияларына қайшы келеді және премьер-министрдің дербестілігі болмай, АҚШ-тың жетегіне еріп отырғандығының айғағы болып табылады. Шын мәнісіндегі бейбітшілікке жету үшін, — делінген атқару комитетінің мәлімдемесінде, — атом және сутегі қаруына тыйым салуға ұмтылу қажет».

Құрама Штаттардың Жапонияда атом бомбаларын сақтауы жайындағы Хатояманың мәлімдемесін жапон баспасөзі де қатты сынға ұшырды. Буржуазиялық «Асахи» газеті Хатояманың «өз мәлімдемесін қайта қарауын» талап еткен, «өйткені бұл мәлімдеме жапон халқының ұлттық сезімдерін білдірмейді». Бұдан кейінгі хабарларға қарағанда, кезіргі министрлер кабинетінің кейбір мүшелері Хатояманың 14 марттағы өз мәлімдемесіне «түзетулер енгізуі» қажет деп мәлімдеген.

# АҚШ ВЬЕТНАМДАҒЫ САЙЛАУДЫ СӘТсіздікке ҰШЫРАТУҒА ӘРЕКЕТТЕНУДЕ

### Синьхуа агенттігінің хабары

ПЕКИН, 15 март. (СОТА). Синьхуа агенттігі былай деп хабарлайды:

Баспасөздің хабарына қарағанда, Құрама Штаттар кезіргі уақытта Женева келісімдерін сәтсіздікке ұшырату және Вьетнамда жалпыға бірдей еркін сайлау өткізуге кедергі келтіру үшін өз одақтас-тарының кеңесін шақыруға және олармен бірлесіп қадамдар жасауға әрекеттенуде. Бұл кеңес сонымен қатар Лаос пен Камбоджаның істеріне араласу жолдарымен құралдарын да қарамақшы.

Кезіргі уақытта, деп мәлімдеген 11 мартта АҚШ мемлекеттік департаментінің өкілі Сайдэм, Оңтүстік-Шығыс Азиядағы жағдайды талқылау үшін халықаралық кеңес шақыру мүмкіндігі туралы мәселе қаралуда.

Франс Пресс агенттігі былай деп хабарлады: Құрама Штаттардың үкметі Индо-Қытай туралы мәселе жөнінде келіссөздер жүргізу үшін Францияның сыртқы істер министрі Пинэні 28 мартта Вашингтонға келуге шақырды.

Хабарларға қарағанда, Құрама Штаттар Францияға қысым жасауға, сөйтіп Индо-Қытайдағы бейбітшілікті нашарлатуды көздейтін өз саясатын қолдауға Францияны мәжбүр етуге әзірленуде. Құрама Штаттар бірқалыпты экономикалық қатынастар орнату туралы мәселе жөнінде Францияның Вьетнам Демократиялық Республикасымен жүргізіп жатқан келіссөздерін тоқтатып тастауын талап етуде.

# АҚШ ПЕН ТУРКИЯНЫҢ СИРИЯ ҮКМЕТІНЕ ЖАНА ҚЫСЫМЫ

# АҒЫЛШЫН-СОВЕТ ДОСТЫҒЫ ҚОҒАМЫ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ ҚАРАРЫ

ЛОНДОН, 15 март. (СОТА). Ағылшын совет достығы қоғамының атқару комитеті ағылшын үкметі басшыларының мәлімдемелерін айыптайтын қарар қабылдаған. Гүл мәлімдемелерде Совет Одағы «қайдағы бір дұшпан мемлекет түрінде көрсетілген» Совет Үкметінің халықаралық шиеленісті бәсеңдетуге бағытталған нақты ұсыныстарын атап айта келіп, атқару комитеті былай деп көрсеткен:

Егер ағылшын үкметі Совет Үкметінің шын ниеттілігіне күмәнданатын болса, олар мұны 20 жыл мерзімге жасалған, әлі де күшінде отырған біздің достық туралы дсговорымызға сөйкес жоғары орындарда келіссөздер жүргізу жолымен тексеріп, сынай алады. Біз ағылшын үкметінен осындай келіссөздерді тезінен ұйымдастыру ісінде инициатива көрсетугін талап етеміз.

# КАРЛ МАРКСТЫҢ ЛОНДОНДАҒЫ БЕЙІТІНЕ ВЕНОКТАР ҚОҒАМЫ

ЛОНДОН, 15 март. (СОТА). Кеше, Карл Маркстің қайтыс болуының 72 жылдығымен байланысты, оның Лондондағы Хайгет зыратындағы бейітіне веноктар қойылды. Великобританияның коммунистік партиясының, ССРО-ның, АҚШ-ның, Румынияның, Венгрияның, Польшаның және Қытай Халық Республикасының Коммунистік және жұмысшы партияларынан веноктар қойылды. Совет Одағының Коммунистік партиясы атынан ССРО-ның Англиядағы Елшісі Я. А. Малик венок қойды.

# ЭДУАРД ЭРРИО ЛИОН ҚАЛАСЫНЫҢ МӘРІ ҚЫЗМЕТІНДЕ ҚАЛДЫРЫЛҒАН

ПАРИЖ, 15 март. (СОТА). Француз баспасөзінің хабарларына қарағанда, Эдуард Эррио Лион қаласының мәрі қызметінде қалуға ризалық білдірген. Мәрдін орынбасары қызметіне ұсынылған кандидатура туралы мәселе жөнінде оның муниципалитет советінің кейбір мүшелерімен арасында туған алауыздық реттелгеннен кейін ол өзінің орнынан түсуі жайындағы мәлімдемесін қайтып алған.

# ОҢТҮСТІК КОРЕЯДА САЯСИ ҰЙЫМДАР ТАРАТЫЛҒАН

ПХЕНЬЯН, 15 март. (СОТА). Сеулден алынған хабарларға қарағанда, 14 мартта лисымандық үкметтің өкілі 17 саяси партиялар мен ұйымдарды таратылғанын мәлімдеген, бұл партиялар мен ұйымдар «саңға сөйкес тіркелмейді» деген сылтаумен таратылған.

Лисымандықтар, деп көрсетілген хабарларда, осы шараларды қолдану арқылы өздерінің саяси бәсеңдеуінің қорқы-

# Шанхайдағы Совет Одағының экономикалық және мәдени табыстары көрмесінің ашылуы

ШАНХАЙ, 15 март. (СОТА). Бүгін мұнда Совет Одағының экономикалық және

халықтарының мызғымас достығының құрметіне ұрандар айтты.

жағдайда ашылды.

Қытай-совет достығы сарайының қарсы алдындағы көрме орналастырылған алаңда көп адам қатысқан митинг болды.

Жыйналымдардың алдында СССР Елшісі П. Ф. Юдин қысқаша сөз сөйледі. Ол бұл көрме қытайлық достардың Совет Одағының өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, ғылым, техника және мәдениет тармағындағы игі жақсы табыстарының бәрімен танысып, тәжірибе алуына көмектесетіні деген сенім білдірді. Сөзінің қорытындысында П. Ф. Юдин Қытай Халық Республикасының құрметіне, ұлы қытай халқының құрметіне, Совет және Қытай

Пань Хань-нянь жолдас жауап сөз сөйледі. Қалалық халықтық комитеттің атынан ол жыйналғандарды көрменің ашылуымен құттықтады және бұл көрме совет-қытай достығын нығайту, Совет Одағының озат тәжірибесін зерттеп, үйрену ісінде зор роль атқарады деп көрсетті.

Митингтен кейін көптеген адамдар көрмені аралап көре бастады.

Шанхай халқының арасында совет көрмесіне өте күшті ынта қойылып отырғанын атап айту керек. Тіпті көрме ашылудан бұрын қаланың тұрғын халқынан көрмеде болуға 1.200.000-нан аса заявка түсті.

### Қытайдағы Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советі Бюросының Үндеуіне қол қойылуда

ШЕКИН, 15 март. (СОТА). Атомдық соғыс қатеріне қарсы Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советі Бюросының Үндеуіне Қытайдың ең шалғай жаққан аудандарында да қызу үн қосылуда.

Ұжаста 9 мартқа дейін 44 мыңнан аса адам—Тибет үкіметінің мүшелері, Халық-азаттық армиясының жауынгерлері мен командирлері, қала азаматтары және монаштарлар қызметшілері Үндеуге қол

қойған. Шигацзада болған митингте Үндеуге 10 мыңнан аса адам қол қойған.

Синьзян провинциясының көптеген қалаларында қол қою кезінің өзінде-ақ аяқталған. Толық емес мәліметтер бойынша провинцияда 10 мартқа дейін 905 мың қол қойылған. Үрімшеде 20 күннің ішінде Үндеуге 104 мың адам қол қойған.

Қол қою науқаны оған әрі өткізілуде.

Сессияда қабылданған қарарларға сәйкес, Поляк Халық Республикасы Венгрияға металлургия, көмір өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы және тамақ өнеркәсібі саласындағы техникалық документтерді береді.

Венгер Халық Республикасы Польшаға байланыс техникасы, химия және жеңіл өнеркәсіптері саласындағы тәжірибені беру жолымен көмек көрсетеді.

### ОРЫС ӘНДЕРІ МЕМЛЕКЕТТІК ХОРЫНЫҢ ВЕНГРИЯҒА КЕЛУІ

БУДАПЕШТ, 15 март. (СОТА). А. В. Свейников басқарған орыс әндерінің мемлекеттік хоры венгер-совет достығының айлығына қатысу үшін кеше Будапештке келді. Қонақтарды венгер-совет қоғамының, мәдениет министрлігінің, венгер-музыканттар одағының басшылары, сонымен қатар СССР-ның Венгриядағы Елшісі Ю. В. Андропов қарсы алды.

ВЕЙРУТ, 15 март. (СОТА). Дамаскіден берілген хабарларға қарағанда, кеше Сирияның премьер-министрі Асали америка елшісі қабылдап, онымен ұзақ уақыт әңгімелескен.

Ливанның «Дейли стар» газетінің мәліметтері бойынша, америка елшісі Асалиге жаңа нота тапсырған, бұл нотада Сирия туркия-ирак шартына қарсы бағытталған саясат жүргізуін тоқтатады және бұл шартқа таяудағы уақытта қосылады деген үміт білдірілген. Егер Араб елдерінің жаңа соғыс ұйымы туркия-ирак шартымен ықтымақтасатын

болса, деп атап көрсетілген нотада, онда АҚШ бұл ұйымға финансе және соғыс «көмегі» ұсынуға әзір отыр.

Бұдан сәл кейініректе Асали Туркияның Сириядағы уақытша елшісі де қабылдаған, бұл елші премьер-министрге Түрік үкіметінің дәл осы мәселе жөніндегі мәлімдемесін тапсырған.

Жоғарыда аталған қабылдауларға тоқтай келіп, Ливанның «Телеграф» газеті былай деп жазған: АҚШ пен Туркия «Сирияны туркия-ирак шартына кіруге итермелеу үшін оған әлі де қысым жасауда».

### АҚШ-тың өктемдігімен

ЛОНДОН, 15 март. (СОТА). Бұдан бұрын хабар етілгендей, Финдік «Аруба» танкерінің Қытай Халық Республикасына арналған жүктерді тасумен байланысты Финляндияға қысым көрсетуге тырысқан АҚШ үкіметінің бұл ниетіне Англия да қосылған.

Лондон радиосының хабарлауына, ағылшын сыртқы істер министрлігінің

өкілі бүгін былай деп мәлімдеген: Англияның Хельсинкидегі өкілі «Аруба» танкері туралы мәселе жөнінде Финляндияның сыртқы істер министрлігімен «байланыс жасауда». Ағылшын сыртқы істер министрлігінің өкілі ағылшын порттарында танкерге жанармай беруден бастартылады деп мәлімдеген.

туға және жария оппозицияның қалдықтарын жоюға тырысуда.

### АВСТРИЯНЫҢ МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНДЕ

ВЕНА, 15 март. (СОТА). Австрия баспасөз агенттігінің хабарына қарағанда, бүгін федералдық канцлер Раабтың председателдік етуімен Австрия министрлер советінің мәжілісі болған.

Сыртқы істер министрі Фигль Москвада 25 февральда және 2 мартта Австрия елшісімен СССР Сыртқы Істер Министрі Молотовтың арасында жүргізілген келіссөздер туралы хабарлаған. Министрлер советі мәжіліс өткізетін парламенттің комитетіне осы келіссөздердің мазмұнын хабарлауға, үкіметтің бұл мәселе жөніндегі позициясы туралы хабар беруге және осыған байланысты федералдық үкіметтің мәлімдемесін жариялауға қарар қабылдаған.

Редактордың орынбасары  
Г. НҰРМОЛДИН.

### Токио ЭКАДВ-ның өнеркәсіп және сауда жөніндегі комитетінің 7 сессиясы ашылды

ТОКИО, 15 март. (СОТА-ның арнаулы тілшісі). Бүгін мұнда БҰҰ-ның Азия мен Қытай Шығысқа арналған экономикалық комиссиясының (ЭКАДВ) өнеркәсіп және сауда жөніндегі комитетінің 7 сессиясы ашылды.

Сессияға 200-ден аса делегаттар мен байқаушылар, шетелдер мен жапон тілшілері, сонымен қатар жапон кәсіпкер топтары мен жұртшылығының өкілдері қатысуда.

Жапонияның сыртқы істер министрі Сигемичи өзінің құттықтау сөзінде ЭКАДВ ауданындағы елдер үшін өзіндік өнеркәсіп пен экономика базаларын құру қажет екенін атап көрсетті. Ол халықаралық саудаға және финансе есептерін айырысуға қойылған шектерді бұзуға Жапонияның мүдделі болып отырғанын атап айтты.

ЭКАДВ-ның атқарушы секретары Локанатхан өзінің құттықтау сөзінде ауданы оған әрі ұлғайтуға және сауда ісіне бөтет болып отырған орынсыз кедергілер мен шектерді жоюға ұмтылған та-

лаптардың барлық жерде де күшейтіп отырғанын атап көрсетті.

ТОКИО, 15 март. (СОТА-ның арнаулы тілшісі). ЭКАДВ өнеркәсіп және сауда жөніндегі комитеті мәжілісінің бас кезінде сөз сөйлеген СССР өкілі Волков комитеттің секциясында туып отырған тәзгісіз жағдайға назар аударды, өйткені қытай халқының атынан сөз сөйлеуге мүлде өкілдігі жоқ, банкрот болған чанкайшилік топтың өкілі Қытайдың орнын заңсыз алып отыр. Совет өкілі Қытайдың атынан тек ҚХР делегаты ғана өкіл бола алады деп мәлімдеді. Комитетте лисынмандық өкілдің қатысуы да заңсыз, деп Волков, өйткені ол Кореяның өкілі болып табымайды. Ал Оңтүстік Вьетнам делегатының бүкіл Вьетнам атынан өкіл бола алмайтыны да айқын.

Бүгін комитеттің бірінші мәжілісінде электр қуаты мен минералдық ресурстар мәселелері жөніндегі көлемлі комитеттердің баяндамаларын, сонымен қатар ЭКАДВ ауданының төлем проблемалары жөніндегі сарапшылар тобының баяндамасын осы сессияда қарау ұйғарылды.

## ІШ АУРУЛАРЫНАН АЛДЫН-АЛА САҚТАНДЫРУ ЖӘНЕ ҚАЛАДА ТАЗАЛЫҚ САҚТАУДЫ ЖАҚСARTU ТУРАЛЫ

ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ СОВЕТ АТКОМИНІҢ 1955 ЖЫЛҒЫ 21 ФЕВРАЛЬДАҒЫ № 3 МІНДЕТТІ ҚАРАРЫ

Қалада тазалық сақтау тәртібін енгізуге аса зор маңыз бере отырып және ішек-қарын ауруларынан алдын-ала сақтандыру мақсатында қалалық Совет аткомі қаулы етті:

1. 1955 жылғы 15 марттан 15 апрельге дейін бір рет қаланы көктемде көң-қоқырдан тазарту ісі жүргізілсін.
2. Қалалық коммуналдық шаруашылық бөлімінің, өнеркәсіп орындарының, ұйымдар мен мекемелердің, оқу-емдеу және балалар мекемелерінің басшылары, темір жол транспорты қызметінің бастықтары, жалға үй алушылар мен жеке үй иелері мыналарға міндеттендірілсін:
  - а) тағайындалған мерзім ішінде алаңдар, көшелер, өткелдер, қоралар толық таза қалпына келтірілсін. Дәретханаларды, жуынды құятын орларды, қоллензорларды, жыраларды, қиеттерді толық тазарту ісі жүргізілсін. Бұдан былай оларда көң-қоқырлардың, сыпырындылардың жыйналып қалуына жол берілмесін. Жазғы маусымда көң-қоқыр айына кемінде екі рет, ал сыпырындылар аптасына кемінде бір рет тасып төгілетін болсын;
  - б) дәретханалар, жуынды құятын орлар, сыпырынды жәшіктері айына кемінде екі рет, ал көпшілік пайдаланатын жерлерде күн сайын дезинфекцияланатын болсын;
  - в) дәретханалар, жуынды құятын орлар, сыпырынды жәшіктері жөндейсін, олар жоқ жерде 1955 жылғы 15 апрельден қалмай жаңадан жасалатын болсын.
3. Қаланы көң-қоқырдан тазартуға кәсіпорындарының, мекемелердің ведомстволарындағы транспорт қатыстырылсын, оларға қаланың арнаулы бір бөлігі бекітіліп берілсін. Қаланы тазартуға қала халқы кеңінен қатыстырылатын болсын.
4. Көң-қоқырлар мен сыпырындылар қалалық коммуналдық шаруашылық бөлімі көң-қоқыр төгу үшін бөлген арнаулы мына жерлерге тасып төгілсін:
  - а) қаланың оңтүстік-шығыс жақ бөлігінде — өлген малдардың өлімтігін көметін жамбының маңына;
  - б) қаланың шығыс жақ бөлігінде — Буденный көшесінен солжаққа қарай, халық мекендеген жерден 2 километр қашық тұратын орынға;
  - в) қаланың оңтүстік-шығыс бөлігінде — жұмысшылар поселкесінің сыртына, аэропорттың оңтүстік-шығыс жағындағы жерге.
 Жазды күндері көң-қоқыр тек қана түнгі уақыттарда мына маршрут бойынша:
 

Қала ішінен — Папанин көшесінің бойымен, станция поселкесінен — Буденный көшесінің бойымен, жұмысшылар поселкесінен — Жаңа Ленин көшесінің көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия және насихат бөлімдері — 0-22, хабар және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39 газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

бойымен және қаланың оңтүстік бөлігінен — Қарағанды көшесінің бойымен тасып төгілетін болсын.

5. Мыналарға тыйым салынсын:
    - а) қала ішінде тезек соғуға;
    - б) үй іргесіндегі участоктерде көң-қоқыр мен сыпырындыларды жыйнап үюге және көмуге.
  6. Қалалық милиция бөлімдері өздерінің учасоктік уәкілдері арқылы қаланың тазалығын үнемі байқап отыруға, бөлінген арнаулы орындардан тыс жерлерге көң-қоқырлардың төгілуіне жол бермеуге міндеттендірілсін, қалалық коммуналдық шаруашылық бөліміне арнаулы орындардан тыс рұқсат етілмеген жерлерде көң-қоқыр төгілетін орындарды жойып жіберу міндеттелсін.
  7. Кәсіпорындарының, мекемелердің, жатақханалардың, басқа да көпшілік орындарының үйлері және территориялары таза қалпына келтірілсін және алдағы уақытта олар таза қалпында ұсталатын болсын.
  8. Базар басқармасы күн сайын сауда аяқталғаннан кейін базар алаңдарын сыпырындылар мен қалдықтардан тазартып отыруға міндеттендірілсін.
  9. Азық-түлік өнімдерін дайындайтын, сақтайтын, сапатын кәсіпорындары барлық тазалық сақтау ережелерін қатаң сақтауға және жазғы маусымға өздерін қажетті мөлшерде мұзбен қамтамасыз етуге тиіс.
  10. Қалалық сауда мекемесі, асханалар және ресторандар тресі, май өндіретін тресі, сыра заводы және дүкендерде, киоскаларда сауда жүргізетін басқа да сауда ұйымдары сауда жүргізілетін орындарға іргелес жерлерді тиісті таза қалпында ұстауға міндеттендірілсін.
  11. Қалалық және темір жол су проводының директорларына суды үнемі хлорлап отыруды қамтамасыз ете отырып, су проводтары аймағының таза ұсталуына күзет ұйымдастыруға міндеттелсін.
  12. Осы міндетті қарарды бұрмалаған айыпты адамдарға 100 сом мөлшерінде айып салынады немесе олар бір ай мерзімге еңбек түзеу жұмысына жіберіледі.
  13. Міндетті қарар баспасөзде жарияланғаннан кейін дереу күшіне кіреді және қала ішінде 2 жыл бойына күшінде болады.
  14. Осы міндетті қарардың орындалуын бақылап отыру қалалық коммуналдық шаруашылық бөліміне, санитарлық, эпидемиологиялық станцияға және милиция органдарына жүктеледі.
- Еңбекшілер депутаттарының қалалық Совет аткомінің председателі М. ВОТЯКОВ.  
Еңбекшілер депутаттарының қалалық Совет аткомінің секретары Ю. ПОРОТИКОВА.